Сауықтыру жаттығуының мазмұнына төзімділікке арналған жаттығулар кіруі тиіс (тізе бүгіп отыру, белтемірде немесе гимнастикалық қабырғада тартылып тұрып аяқты көтеру, шалқалап жатып, денені көтеріп отыру және т.б.), омыртқа желісі, қол және аяқ буындары үшін, сонымен бірге дене қимылын ауыстыру жаттығулары (кеудені оңға, солға, алға және артқа төмен еңкейту).

3.Сабақтың жүйелілігі. Дене жаттығуларымен жүйелі шұғылдану ағзаның барлығына дерлік, оның органдары мен жүйелеріне пайдалы әсер етеді. Мысал ретінде, 1-кестеде дене жүктемесінің жүрек қантамырлары жүйесіне тиімді әсері көрсетілген [1].

1-кесте. Жаттыққан және жаттықпаған адамдардың жүрек-қан тамыры жағдайындағы айырмашылық.

Көрсеткіштері	Жаттыққан адамдікі	Жаттықпаған адамдікі
Анатомиялық параметрлері:		
- Жүректің салмағы	350-500 гр	250-300 гр
- жүректің көлемі	900-1400 мл	600-800 мл
- жүректің капиллялары мен жіңішке қан тамырлары	саны көп	саны аз
Физиологиялық параметрлері:		
- тыныштықтағы тамыр соғу жиілігі	мин. 60 реттен кем соғады	мин. 70-90 рет ұрады
- тыныштықтағы қанның екпінді көлемі.	100 мл	50-70 мл
- Тыныштықтағы қанның минуттық көлемі		мин. 3-5 литр
- систола кезіндегі артериалық қысым	мин. 5 литрдан көп.	140-160 мм сынып бағаны
- тыныштықта 1 тәуліктегі жүрек жұмысы	120-130 мм дейінгі сынап бағаны	10000-15000 м/кг
- тыныштықтағы қан тамырынан қанның ағуы	5000-10000 м/кг	мин. 250 мл
- тыныштықта жүрек бұлшық еттерінің оттегі пайдалануы	мин. 250 мл	мин. 30 мл
- қан тамыры қоры	мин 30 мл	аз
Қанның максималды минуттық көлемі	үлкен	мин. 20 литр
Қан тамырларының жағдайы:	мин. 30-35 литр	иілгіштігін жоғалтады
Мосқал жастағы қан тамырының созылғыштығы	иілгіш, икемді	аз санды
Перифериядағы капиллярлар саны	саны көп	көрінетіндей
Ауруға шалдыққыштық:	әлсіз	көрінетіндей
- атеросклерозға	әлсіз	көрінетіндей
- көкірек жабесі	әлсіз	көрінетіндей
- миокард инфаркті	әлсіз	көрінетіндей
- гипертония		

1 кесте. Дене жүктемесінің жүрек-қан тамырлары жүйесіне тиімді әсері.

Қартаю үдерісінің дамуын тежейтін ағза жүйелерінің қызметтік мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік туғызатын тиімді құралы белсенді қозғалыс тәртібі болып табылады.

Сауықтыру мақсатында әртүрлі жастағы адамдар үшін қозғалыс белсенділігінің келесі апталық көлемі ұсынылады (Бүкілодақтық дене мәдениеті ғылыми-зерттеу институты, 1987 ж.):

- мектепке дейінгілер - 21-28 сағат;
- мектеп оқушылары – 14-21 сағат;
- арнайы орта оқу орны оқушылары – 10-14 сағат;
- ЖОО студенттері – 10-14 сағат;
- қызметкерлер – 6-10 сағат [2].

Шетел ғалымдарының зерттеулерінде (Н.Меллерович, В.Меллер, 1978 ж.) қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігінен іс жүзінде дені сау адамдарда пайда болатын ерте ауру белгілері және денсаулығына байланысты шағымдар саналып шығады [3].

Қозғалыс белсенділігі, дене жүктемелері бейімдеу-реттегіш механизмдерді жетілдіруге, жаттықтыруға әкелетін бірқатар күшті әсерлерді қозғайды:

1) үнемдегіштік күшті әсері (жұмыстың оттегілік құнының төмендеуі, жүректің барынша үнемді қызметі);

2) антигипосикалық күшті әсері (ұлпаларды қанмен жабдықтауды жақсарту, өкпе ауа тазартуының үлкен диапазоны, митохондриялар артуы және т.б.);

3) стресске қарсы күшті әсері (гипоталамогипофизарлық жүйелер және т.б.);

4) генореттеуіш күшті әсері (көптеген белоктардың синтезін күшейту, жылдамдату, жасуша гипертрофиясы және т.б.);

5) психикалық қуаттандыруға күшті әсері (ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің өсуі, жақсы сезімнің басым болуы және т.б.) [4].

Бұл күшті әсерлер кешенінің барлығы ағзаның сенімділігін, тұрақтылығын арттырады және өмір сүру ұзақтығының артуына, тез қартаюдың алдын алуға мүмкіндік туғызады.

Қозғалыс белсенділігі әр адамдарда немесе бір адамда әртүрлі және кезеңдері жеке ерекшеліктеріне және денсаулық жағдайына, әлеуметтік жағдайына және өмір тәртібіне қарай түрленеді.

Көпшілік мамандар дене жаттығуларымен оттегінің қатысуымен биохимиялық реакция кезінде, яғни аэробты тәртіптеу пайда болатын жұмысқа қажетті қуат күшінің тамырдың дұрыс соғуы сәтіндегі шұғылдануды ұсынады. Мұндай жаттығулар жүрек-қан тамыры қызметіндегі бұзылудың пайда болу қауіптілігін іс жүзінде жояды.

Физиологтардың мәліметі бойынша адамның денсаулық жағдайымен жасына қарай ЖСЖ мин. 100-ден 170-180 рет соғудан артатын жүктеме кезіндегі сауықтыру бағытындағы жаттығу барынша әсерлі болады екен.

ЖСЖ ауытқушылығы өте дербес, дегенмен ЖСЖ минутына 120-130 рет соғуы шұғылдануды жаңа бастағандардың жаттығу аймағы. Мосқал тартқан, денсаулығы әлсіреген немесе жүрек-қан тамыры жүйесінде ауытқушылығы бар адамдардың шұғылдану кезіндегі тамыр соғу жиілігі минутына 120 рет соғудан аспауы тиіс.

ЖСЖ минутына 130-140 рет соғуы кезіндегі жаттығу шұғылдануды жаңа бастағандар үшін жалпы төзімділікті және дайындығы барлар үшін төзімділікті сақтауды қамтамасыз етеді.

Аэробты мүмкіндік пен жалпы төзімділікті дамыту үшін максимальды жаттығу әсері ЖСЖ минутына 144-тен 156 рет соғуына дейінгі жаттығу кезінде байқалады.

Дене жаттығуларын пайдалану кезінде үйлесімді сауықтыру әсерімен қамтамасыз ететін шешуші жағдай ағзаның қызметтік мүмкіндіктеріне жүктеме мөлшерінің сәйкестігі болып табылады.

2-кесте. Өртүрлі жастағы және денсаулық жағдайы әртүрлі адамдар үшін дене жаттығуларымен шұғылдану кезінде минутына жүректің соғуы жиілігінің үлгісі ұсынылады.

Жас мөлшері	Денсаулық жағдайы	
	Бұзылмаған	Кейбір ақауымен
18-55	120-180 рет	110-150 рет
35-60	100-150 рет	100-130 рет
60-75	100-130 рет	90-110 рет

** 30 жастан кейін қан тамыры соғуын минутына 180 рет соғуға тек дене жаттығуларымен үзіліссіз шұғылданып жүрген адамдар ғана жеткізе алады.*

Жүктемені уақытпен мөлшерлеудің төмендегідей әдістері қолданылады:

- 1) қатынастық қуатымен (ОМП % , PWC max %);
- 2) жаттығуды қайталау санының абсолюттік және қатынастық мәнімен (қайталау саны, максимальды қайталау санына %);
- 3) Физиологиялық параметрлердің мөлшеріне (ЖСЖ, қуат шығыны);
- 4) Субъективті сезінуіне.

Дене жүктемесінің қуатының қатынастық мәнін мөлшерлеу. Сауықтыру жаттығуында ұсынылған қуаттың көлемі (диапазоны) жеткілікті дәрежедегі кең ауқым шегінде 40-90% ОМП (оттегіні максимальды пайдалану) құрайды.

Жүрек сәуы (жирылуы) жиілігі бойынша мөлшерлеу. Жүктемені оттегінің максимальды пайдалану деңгейін есепке алып тәртіп белгілеу (регламентациялау) немесе дене мәдениетінің жалпы көпшіліктік формаларын пайдалану жағдайында максимальды жұмыс қабілеттілігі барынша қиын болады.

Мамандар қажетті нәтижені алу үшін шұғылдану кезінде қуаттың ең аз шығындалуы 300-500 ккалорияны құрауы тиіс деп санайды. Аз калориялық шығынмен ұсынылған сауықтыру бағдарламалары тиімді болмайды.

Дені сау болып қалу үшін әрбір адам күнделікті бұлшықет күш салуының есебінен кемінде 1200-2000 ккал. жұмсауы тиіс екен.

Қорыта келе айтатынымыз, спорттық жаттығулар бір басқа да, ал денені сауықтыру үшін жасалатын жаттығу түрлері өзгеше болып келеді. Бұл дене жаттығуларымен тұрақты айналысатын спортшының саласының ерекшеліктерімен тікелей байланысты екені белгілі. Ал кез келген адамның күнделікті тіршілігінде аз-аздап болса да салауатты өмір салтын ұстануы барысындағы айналысатын сауықтыру іс-шаралары да, сауықтыру дене жаттығулары да оның ағза жүйелерінің қызметтік мүмкіндіктеріне сәйкестендірілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К.* Дене мәдениетінің ілімі және әдіс темесі. – Түркістан: Тұран, -2004. -214 бет.
2. *Әбділлаев Ә.К.* Дене мәдениетінің ілімі және әдіс темесі. –Түркістан: Тұран. -2007. –240 бет.
3. *Холодов Ж.К., Кузнецов В.С.* Теория и методика физического воспитания. – Москва: «Академия». -2003. -480 с.
4. *Кузнецов В.С.* Теория и методика физической культуры. –Москва: «Академия». -2012. -460 с.

РЕЗЮМЕ

Спортивная тренировка предусматривает использование физических нагрузок в целях достижения максимальных результатов в избранном виде спорта, а оздоровительная физическая культура в целях повышения или поддержания уровня физической дееспособности и здоровья. Основная направленность оздоровительной физической культуры является повышение функционального состояния организма и физической подготовленности. Эффективность физических упражнений оздоровительной направленности определяется периодичностью и длительностью занятий, интенсивностью и характером используемых средств, режимом работы и отдыха. В статье рассматриваются теоретико-методические основы оздоровительной физической культуры.

(Дуйсенов О.К., Махамбет Е. Теоретико-методические основы оздоровительной физической культуры)

SUMMARY

Sports training involves the use of physical activity in order to achieve maximum results in favorite sport, and improving physical training in order to improve or maintain a level of physical capacity and health. The main thrust of improving physical training is to improve the functional state of the body and physical preparedness. The effectiveness of exercise improving orientation is determined by the frequency and duration of training, the intensity and the nature of the funds, the regime of work and rest. The article discusses the theoretical and methodological foundations of Physical Culture.

(Duisenov O.K., Mahambet E. Theoretical and methodological foundations of Physical Culture)

ӨОЖ 746.02

Қ.Е.ЕРАЛИН

педагогика ғылым дарының докторы, профессор
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

А.Қ.ЕРАЛИНА

педагогика ғылым дарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**СУРЕТШІ-КЕСТЕШІ ЗЕЙНЕЛХАН
МҰХАМЕДЖАНҰЛЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ
КОМПОЗИЦИЯСЫ
(кестемен бейнелеу әдісі)**

Бұл мақалада суретші-кестеші Зейнелхан Мұхамеджанұлының көркем шығармашылығы, оның ішінде кестелері – кәсіби кесте деңгейінен орын алатын шығармашылық ізденістерден туындаған бейнелердің композициялық құрылымының күрделілігімен ерекшеленетіндігі туралы мәлімет беріледі. З.Мұхамеджанұлының өмірі мен шығармашылығын танып білуде, өркендеп дамып отыратын үдеріс, қоғамдық ортадағы іс-әрекет нәтижесі ретінде қарастырамыз.

Тірек сөздері: кесте, біз-кесте, этномазмұн, кестелеу, тоқыма жіптер, форма стилі.

Ключевые слова: вышивка, вышивка шилом, этносодержание, расшивание, прядильные нитки, стиль форм.

Keywords: embroidery, embroidery with an awl, Anasterian, rasselenie, spinning thread, the style forms.

Қазақ сәндік қолданбалы өнері қазіргі кезде қарқынды дамып, жаңа туындылар өмірге келумен қатар, жаңа есімдер анықталуда. Сол есімдердің бірі, сәндік қолданбалы өнерді кескіндеме өнерімен байланыстырған, кестені көркемдік бейнелеу дәрежесіне көтерген шығармашылық тұлға суретші кестеші Зейнелхан Мұхамеджанұлы. З.Мұхамеджанұлы шығармашылығы қазақ өнертану ғылымында зерттеліп, өз орнын алып болған жоқ, ол туралы баспасөз беттерінде мардымды ешнәрсе жазылмаған. Әсіресе оның ұлттық мазмұнға толы, абстрактілік бағыттағы үйлесім тапқан кестелі суреттерінің көркемдік ерекшеліктері туралы ой пікірлер өнертанымдық айналымға түспеген. Біз бұл мақалада кестелі суреттер салудағы әлі анықтала қоймаған,

композициялық заңдылықтарды және сол заңдылықтарды туғызар тұрақты сындарды іздегіміз келеді.

З.Мұхамеджанұлының өмірі мен шығармашылығын танып білуде, біз оны танып білуге болатын, өркендеп дамып отыратын үдеріс, қоғамдық ортадағы іс-әрекет нәтижесі ретінде қарастырамыз [1]. Суретші шығармашылығы кесте өнерімен байланысты болғандықтан зерттеуді кесте түсінігінен бастау орынды. Кесте ұғымы түсіндірме сөздіктерде – бетіне түрлі-түсті жіптермен ою-өрнектер салып тігілген матадан немесе басқа материалдардан жасалған бұйымдар жатады деп көрсеткен. Сонымен қатар кейбір сөздіктерде тюль, газа, кисея, батиста сияқты нәзік материалдармен тері, кенеп, полотно, киіз сияқты қалың материалдармен маталарды әртүрлі өрнектермен инені, ілмек бізді қолдану арқылы немесе машинамен тоқу арқылы безендіретін, көпшілікке танымал болған және кең таралған қолөнер түрі. Кесте киімді, тұрмыс заттарын безендірумен қатар, кейде сәндік паннолар даярлауда қолданылады [2].

Кесте дәстүрлі кесте және кәсіби шеберлер тіккен кесте деп жіктеледі. Дәстүрлі кестені ертеде көбінесе матадан жасалған бұйымдарды безендіруге қолданған. Қазіргі кездегі кәсіби кесте –кәсіби шеберлердің көркемдік безендіру, ажарландыру мен сәндеу әдістерін қолданып тоқыған шығармашылық іс-әрекет нәтижесі. З.Мұхамеджанұлының кестелері – кәсіби кесте деңгейінен орын алатын шығармашылық ізденістерден туындаған жұмыстар.

З.Мұхамеджанұлы шығармашылығындағы кесте өнері туындыларының композициялық ерекшеліктерін сараптау мен бағалау нәтижелері бізге мыналарды көрсетті: Суретшінің «Балалық шақ», «Аттылы адам», «Ана әлдиі» туындыларының тақырыптары ұлттық мазмұнға құрылған, өмір көріністерін бейнелеу паннода маңызды орын алады. «Қызғаныш», «Серуен», «Отбасы» туындылары біз кесте тоқудың жаңа бір технологиясын, жаңа тынысының ашылуына мүмкіндік берген. Жүннен иірілген жіптердің тігу мүмкіндіктері анықталған. «Дала аруы», «Бал-бал», «Күлтегін», «Әуен» туындыларындағы бейнелердің композициялық құрылымының күрделілігімен ерекшеленеді.

Кесте шеберінің «Құрылым», «Түс», «Ақтабан шұбырынды» шығармаларындағы бейнелер композициясы абстракциялық бағытта сомдалған. Бейне көріністері шыншылдықтан алшақтағанымен, оқиғалардың өмірде болғаны нақты дәлелдермен берілген. «Періште», «Ғашықтар», «Кездесу» туындыларындағы әрбір көрініс бір-бірімен тығыз байланыста үйлесім тапқан. «Айна алдында», «Көше музыканттары» композицияларындағы көрініс бейнелері кестемен тоқу технологиясына сай үйлестірілген.

«Қыз ұзату», «Ана» атты кестелі сурет композицияларын суретші

кесте тігудің өзіндік даму жолы бар заңды құбылысқа айналдырған. Жарық пен көлеңке заңдылықтарын кестемен бейнелеу ұстанымдары сақталған. «Періште», «Үшеу» атты туындылар суретшінің жүннен иірілген жіптер арқылы мата бетіне кестемен сурет салу, түстерді үйлесімділікте қолдану шеберлігін еркін меңгергендігін көрсетеді. «Томирис», «Түс» атты шығармашылық еңбектерінде кестемен салынатын сурет, композиция заңдылығымен үйлесімділікте шешіліп шыншылдыққа соны серпін берілген.

Кесте шеберінің «Күту», «Керуен» туындыларында кенеп бетін жүн жіптермен сәндеу арқылы, көркемдеп тігудің бізкесте, жүн жіппен көмкерудің әр түрлі әдістері еркін пайдаланылған. «Көкпар», «Құрақ», «Көше музыканттары» атты кестелерін жасауда, суретші өмір құбылыстарын танып білуде, дәстүрлі көркем қабылдауды негізге алған. Өлшемдер пропорциясының сипатын, ритмнің құрылымдарын, әсемдік ұстанымын көруге болады. «Құрылым», «Сарбаз» атты картиналарда кесте шебері түс пен жарықтың үйлесімділігін кестелеп тоқу барысында ұтымды шешілген.

«Әуен», «Биші қыздар», «Скрипкашы қыз» атты кестелерді тоқу барысында суретші әуенді, әуезді композиция құрау іс-әрекетін жетік меңгергендігін көрсетеді. Әрбір туынды әсем ән салып тұрғандай әсер қалдырады. «Мәңгілік», «Күнді айналу» жұмыстарында туынды мазмұны философиялық тереңдікпен берілген. Дүниенің үнемі даму үстінде болатынын, жоқтан бар пайда болмайтынын, бардың жоғалмайтынын көрермен назарына ұсынған.

Суреткердің «Дала желі», «Атамекен» шығармаларында Ұлы даланың космологиялық символдық мәні, дәстүрлі кәсіби тоқу үдерісіне енгізілгені айқын көрінеді. Шынайы көріністер бейнелерін суретші ұтымды таңдап алуы арқылы дала мен әлем бірлігін көрсетеді. «Бақыт», «Күй туралы аңыз» туындыларында қазақтың ұлттық қолөнерін кескіндеме өнеріне кіріктіру арқылы, кестемен бейнелеу әдісі кескіндемелеу әдісімен бірлікте қолдану еркін меңгерілгенін байқатады. «Таңба», «Дала әуені» картиналарындағы сызықтардың, дақтардың, нүктелердің сан алуан формалары мен түрлері композиция динамикасын меңгеруге негізделгендігі аңғарылады. Картинадағы күрделі қозғалыстарды адамның қабылдауы кезінде жалықтырмайтын, тартымдылықты арттыратынын көрсетеді.

Кесте шеберінің «Сарқырама» картинасындағы сызықтар қозғалысы көрерменді жалықтырмауға негізделіп, әрбір қимыл бағыты жаңа формада берілген, ал «Құрақ», картинасындағы негізгі композициялық элементтер тұтастығымен, мүсінділігімен, қайталанбастығымен, даралығымен көз тартады.

«Ай астындағы кездесу», «Дала биі» жұмыстарындағы түстердің композициясы шығарма мазмұнын рухани құндылықтар бағытында ашуға мүмкіндік туғызған. «Алғашқы олжа» туындысында түстердің мазмұндық символдық мәні орынды қолданылған. «Бақсы» «Ошақ» кестелерінде суретші, өмір шындығындағы көріністерді стилизациялау әдісі арқылы ою-өрнектерге айналдырған.

Қорытындылай айтқанда суретші шығармашылығы туралы мынандай тұжырым жасауға болады: З.Мұхамеджанұлы шығармашылығы кесте өнерімен байланысты. Туынды тақырыптары ұлттық мазмұнға құрылған. Шығармаларда жаңа бір шығармашылық іс-әрекет біз - кесте тоқудың технологиясы ашылған. Бейнелердің композициялық құрылымы күрделі, көрініс композициясы абстракциялық бағытта сомдалған. Туындыдағы әрбір көрініс бір-бірімен тығыз байланыста үйлесім тапқан, композицияның көрініс бейнелері кестемен тоқуға лайықты іздестірген.

Кесте шеберінің кестелі сурет композициясын салуы, өзіндік даму жолы бар заңды құбылысқа айналдырылған. Жүннен иірілген жіптер арқылы мата бетіне кестемен композициялық сурет салу шеберлігі жоғары деңгейде меңгерілген. Кестемен салынатын сурет, композиция заңдылығымен үйлесімділікте берілген. Мата немесе кенеп бетін жүн жіптермен сәндеп көмкеру барысында, көркемдеп тігудің әр түрлі әдістері пайдаланылған.

Өмір құбылыстарын танып білуде дәстүрлі көркем қабылдауды негізге алған. Туынды мазмұны философиялық тереңдікпен ұсынылған. Ұлы даланың космологиялық символдық мәні, дәстүрлі кәсіби тоқуға енгізілген. Әуенді композиция құрау іс-әрекеті жетік меңгерілген. Түс пен жарықтың үйлесімділігі кестелеп тоқу барысында ұтымды шешілген.

Картиналардағы дақтардың, нүктелердің сан алуан түрлері мен формалары композиция динамикасына негізделген. Туындыдағы сызықтар қозғалысы көрерменді жалықтырмай, әрбір қимыл бағыты жаңа сипаттағы формада беріліп отырған. Негізгі композициялық элементтер бейнелілігімен, мүсінділігімен, тұтастығымен, қайталанбастығымен, даралығымен, сонылығымен көз тартады.

Суретші туындыларында қазақтың ұлттық қолөнерін кескіндеме өнеріне поэзиялық баяндауды кіріктіру арқылы, кестемен бейнелеу әдісі еркін меңгерілген. Түстердің композициясы шығарма мазмұнын рухани құндылықтар бағытында ашуға мүмкіндік туғызған. Туындыларда түстердің мазмұндық, символдық мәні орынды қолданылған. Өмір шындығындағы көріністер бояу мен пішін көріністерінің түпкі мазмұндық мәнін сақтап, стилизациялау әдісімен ою-өрнектерге айналдырылған. Ою өрнектермен берілген көріністер шынайы өмірді, қазіргі кездегі қоғамда болып жатқан оң өзгерістерді суреттеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ералин Қ.* Өнертанымдық даярлық. – Түркістан: Тұран, 2015. -78 б.
2. *Марғұлан Ә.* Казахское народное прикладное искусство. – Алматы: Өнер, 1-2 том. 1985.- 97 б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье описывается творчество Зейнелхана Мухамеджанулы, а именно его вышивки. Также раскрываются особенности сложной композиционной структуры образов, достигнутых творческими поисками художника и занимающей свое место на уровне профессиональной вышивки. Помимо этого мы ознакомимся с жизнью и творчеством З.Мухамеджанулы, и рассмотрим его творчество как постоянно развивающийся процесс и результат деятельности в общественной среде.

(Ералин К.Е., Ералина А.Қ. Композиция из произведений художника-вышивальщика Зейнелхана Мухамеджанулы (метод изображения вышивкой))

SUMMARY

This article describes the work of Zeinelhan Muhamedjanova, namely, his cross. Also describes the characteristics of a complex composite structure of the images, achieved creative search of the artist and takes its place at the level of professional embroidery. In addition, we will explore the life and work of Z. Muhamedjanova, and consider his work as a constantly evolving process and result of activity in the social environment.

(Eralin K.L., Eralin A.K. Composition From the Works of The Artist-Embroiderer of Zeinelhan Muhamedjanovich (method of image embroidery))

ӨОЖ 345.02

Ғ.ЕРНАЗАРОВ

заң ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

Р.ОРАЗБАҚОВ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ: ОНЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Бұл мақалада күнделікті тұрмысымызда орын алып отырған сан түрлі қылмыстардың алдын-алу мақсатында нақты криминогендік ахуалдың заңдылықтары мен үдерісін терең білмей қылмыстық-құқықтық іс жүргізу, криминалистикалық және пенитенциарлық мәселелерді шешудің мүмкін еместігіне ерекше мән берілген. Сондай-ақ, белгілі ғалымдардың осы бағыттағы тұжырымдары мен ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып, автор криминология ғылымындағы ерекшеліктерге тоқталған.

Тірек сөздері: заңдылық, қылмыс, криминоген, криминология, пенитенциарлық, қылмыстық-құқықтық іс жүргізу, гангстеризм, рәкет.

Ключевые слова: закономерность, преступление, криминоген, криминология, пенитенциарный, уголовно-правовое делопроизводство, гангстеризм, рәкет.

Keywords: conformity to law, crime, criminogen, criminology, penitentiary, criminal-legal records management, gangsterism, racketeering.

Криминологиялық ғылым қылмыстылықтың нысаны және оның өзге әлеуметтік құбылыстармен байланысын терең талдауға, қылмыстылықтың және оған ықпал жасайтын, әсіресе қазіргі жағдайдағы себептеріне түсініктеме беруге, адамдардың әлеуметтік тұрмысына, идеология мен экономикадағы өзгерістерге қарай қылмыстардың алатын сипатына, өрбуіне көз жүгіртуге мүмкіндік береді. И.И.Карпец криминологияны дабыл қағатын ғылым деп атаған [1].

Тәуелсіз мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңінде криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйенбей, нақты криминогендік ахуалдың

зандылықтары мен үрдісін терең білмей қылмыстық-құқықтық іс жүргізу, криминалистикалық және пенитенциарлық мәселелерді шешудің мүмкін еместігі көпке аян.

Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың қалыптасқан түсініктен соңғы уақытқа дейін арыла алмағанын атап өткен жөн. Мысалы, криминология курсының бірінші томында былай делінген: “Социалистік қоғамда қылмыстың өткен формациясына тән аса қауіпті түрлері: гангстеризм мен рәкет; қылмыстық әлемнің мемлекеттік аппаратпен сыбайластығы; халықтың бүтіндей тобының қылмыстылықпен байып, соған мүдделі болуы; қылмыстық әдіспен билік басына келуге тырысатын саясаткерлер жоқ” [2]. Қылмыстылық социалистік құрылыстың болмысына жат құбылыс деп жазу дағдыға айналған еді [3].

Криминологияның ерекше бөлімі қылмыстылықтың жекелеген түрлерін әр қилы көрсеткіштерге орай бөліп, жеке бөліп қарастыратыны анық. Соның бір саласы – пайдақорлық-зорлық қылмыстылық. Мұның өзі екі түрлі қылмыстылықтың сабақтастығынан туындаған. Олар – пайдақорлық қылмыстылық пен зорлық қылмыстылық.

Пайдақорлық – ол алуға, баюға деген құштарлық. Пайдақорлық Қылмыстық заңның жиырма бір бабында келтірілген. Жалпы бөлімде жаза тағайындауға байланысты (мүлкті тәркілеу) айтылып өтсе, тоғыз қылмыстың субъективтік жағының қажетті белгісі ретінде қарастырылған (135,139,198, 225, 271, 307, 314, 315, 380-баптар), ал қалған жағдайларда ауырлатылған қылмыс құрамдарында қарастырылған (96-баптың 2-бөлігі “з” тармағы, 125-баптың 2-бөлігі “з” тармағы, 126-баптың 2-бөлігі “з” тармағы, 127-баптың 2-бөлігі “а” тармағы, 134-баптың 2-бөлігі, 200-баптың 2-бөлігі, 234-баптың 2-бөлігі “и” тармағы, 238-баптың 2-бөлігі “д” тармағы, 324-баптың 2-бөлігі, 351-баптың 2-бөлігі, 352-баптың 2-бөлігі).

Пайдақорлық қылмыстылық жалпы қылмыстылық санының ішінде экономикасы дамыған мемлекеттерде 90% дейін үлес алса, дамушы елдердің жалпы қылмыстылығының 60% құрайды [4, 234 б.].

Заңгер-ғалым Е.О.Алаухановтың пікірінше, «пайдақорлық қылмыстылық – ол құқыққа қарсы, қайтарымсыз, пайда табу мақсатымен жасалған қылмыстардың жиынтығы» [4, 8 б.].

Бүгінгі күнгі криминология теориясында негізгі үш ұғым бар, олар: қылмыстылық, қылмыстық іс-әрекет және қылмыс; олар жалпы, ерекше және жеке-дара санаттарына сәйкес келеді [5].

Қылмыстылық ұғымдарының алғашқыларының бірі Н.Ф.Кузнецова, И.И.Карпец және басқалардың жұмыстарында ұсынылды. Бұл авторлардың пікірінше, қылмыстылық дегеніміз – тарихи өзгерісте

болатын, белгілі бір кезеңде қайсыбір мемлекетке жасалатын қылмыстардың жиынтығын (жүйесін) беретін әлеуметтік және қылмыстық-құқықтық құбылыс [6].

Адамның қылмыстық іс-әрекеті кеңістік бойынша да, уақыт бойынша да орын алатын процесс, ол сыртқы органы өзгертетін әрекеттің өзін ғана емес, теріс қылықтың генезисін анықтайтын, қылмыстық әрекетке дейін болатын психологиялық құбылыстар мен процестерді де қамтиды [7].

Және де қылмысты қылмыстық іс-қимылдың бір кезеңі деп қарастыруға болады, ал қылмыстық іс-әрекетті біреу, бір жерде, белгілі бір уақытта, қандай да бір себептермен және жағдайға байланысты жасайды [8, 30 б.].

Кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстары «айрықша» санатқа жататындықтан, бұл жұмыста кәмелетке толмағандардың қылмыстық іс-әрекеттері өте мұқият қарастырылуға жатады. Сол қылмыстық іс-әрекеттің төңірегінде пайдақорлық қылмыс жасайтын кәмелетке толмағандардың қылмыстық әрекеттерінің сипатын айқындауға болады.

Кәмелетке толмағандардың пайдақорлық қылмыстық іс-әрекеті ұғымының шегін анықтамай тұрып, пайдақорлықтың өзінің әлеуметтік-құқықтық сипаттамасын қарастырған жөн.

«Пайдақорлық» сөзі бір мәнді сөз емес. Ол «байлыққа құштарлық, пайда табуға ұмтылыс» деген мағына береді [9].

Бұл анықтамадан біз оның екі қыры бар екендігін көреміз:

- а) біріншіден, баюға құштарлық;
- б) екіншіден, пайда көруге ұмтылу.

Пайда көруге ұмтылу, олжа табу адамға меншіктік қатынас пайда болғаннан бері туа жабысатын қасиетке айналды.

Байлыққа, жеке меншікке мән бермеу, материалдық игілікті адамның жан-жақты дамуы үшін ғана керек деп санау КСРО кезінде адамды қаражатқа, өз еңбегінің нәтижесіне қызықпайтындай күйге жеткізді.

Бұрындары пайда көруге ұмтылу – адамды әрекет етуге итермелейтін ең қуатты қозғаушы күш деп саналды. Мұны адамның өзін-өзі сақтап қалуға, материалдық игіліктермен тіршілігін қамтамасыз етуге ұмтылысы, онсыз адамда өмірге құштарлық жойылады деп түсіндірілді. Бірақ бұл жерде мұндай ұмтылыстың жақсы жақтары ғана емес, келеңсіз тұстары да бар екендігін айта кету керек [10].

Өзінің жеке басын байытуға ұмтылыс деп пайдақорлықты теріске шығарсақ, онда біз жеке меншік идеясын да теріске шығарған боламыз. Меншік иесі өз мүлкін сақтап қалуға және молайтуға әрқашан да ұмтылады. Орыстың көрнекті философ – құқықтанушысы профессор

И.Л.Ильин былай дейді:

«... жеке меншік идеясын сараң, дүниеқұмар адамдар ойлап тапқан жоқ, ол адам бойына туа бітетін қасиет. Шаруашылық процесінен инстинктік әрекет бастауын, жеке мүдделілік бастауын, рух бостандығы бастауын, затты қастерлеу бастауын алып тастасақ, онда формалды және сатқын бюрократизмнің ықпалына ұшыраймыз, бойымызды жауапсыздық билейді, шаруашылық күйрейді» [11].

Жеке басына пайда келтіруге ұмтылу – адам жаратылысының негізін құрайтын қасиеттердің бірі, бірақ ол кейде пайдақорлық, сараңдық, иемденуге құштарлық түрінде көрініс табады. Егер пайдақорлық ниетті іске асыру зорлық көрсету сияқты дөрекі әрекеттермен ұштасып жатпаса, ол басқа қылмыстар (бұзақылық, өш алу) сияқты қатаң жауаптылыққа алып келмейді [12].

Себебі, пайдақорлық, жеке басының баюына ұмтылу – қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің, оның ішінде заң бұзбайтын адамдардың да көкейіндегі ой, дегенмен, кейбіреулерді ашкөзділік жеңіп кетеді [13].

Байлық пен мол табыс, көбіне, басқа біреудің еңбегінің нәтижесін иеленуден барып туындайды (оны маркстік теорияда қанау дейді) [14, 264 б.].

Пайдақорлықты адамның бойына туа біткен қасиет, жеке меншік институтының салдары деп танысақ, онда оны қоғамдық қатынастың арылуға болмайтындай теріс жағы деп те мойындау керек. Сондықтан да қоғам мен мемлекет ондай ұмтылыстың қарқынын тежеудің жолдарын барлық уақытта қарастырып келді. Қылмыстық-құқықтық тыйымдардың едәуір бөлігі осыған арналған [14, 71 б.].

Айта кетелік, Ресейдің революцияға дейінгі криминологиясы «пайдақорлық қылмыстылық» ұғымын білмеген, ал кеңестік кезеңнің екі алғашқы «Криминология» оқулықтары (1966 және 1988 жылдардағы) пайдақорлық қылмыстылықты зерделеу және алдын алу объектісі ретінде қарастырады.

Қылмыстылықтың жалпы құрылымынан қасақана қылмыстардың екі тобын (пайдақорлық және зорлықты) алғаш бөліп алған В.Н.Кудрявцев болатын. Социалистік мүлікті, азаматтардың жеке мүлкін ұрлауды, пара алуды, жеке кәсіпкерлік қызметті, коммерциялық делдалдықты, алыпсатарлықты, валюта операциялары туралы ережені бұзуды және басқа да пайдақорлық қылмыстарды, тіптен пайдақорлық пиғылмен адам өлтіруді де ол пайдақорлық қылмыстарға жатқызды. «Бізді объекті де емес, әрекеттің жасалу тәсілі де емес, келтірілген зиян да емес, қылмыстың субъективтік себебі – айыптының сол іс-әрекетті жасағандағы

себебі қызықтырады», – деп жазды ол [16].

Бірақ қылмыстық заңда пайдақорлық ұғымы осы уақытқа дейін берілген жоқ. ҚР Жоғарғы Соты пайдақорлықтың кейбір істеріне қатысты ғана анықтама берген.

Мысалы, ҚР Жоғарғы Сотының 11.05.2007 жылғы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» №1 нормативтік қаулысының 14-тармағында «өзі немесе басқа адамдар үшін материалдық пайда (мүліктік құқық, тұрғын үйге құқық, т.б.) алу мақсатында не материалдық шығындардан (мүлікті, борышты қайтару, алимент төлеу, материалдық міндеттемелерді орындау және т.б.) арылу мақсатында адам өлтіру, пайдақорлық пиғылында жасалған қылмыс ретінде ҚК-нің 96-бабы, екінші бөлігінің 3-тармағы бойынша саралануға жатады» делінген [17].

Ал, «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы №6 нормативтік қаулысының 13-тармағында былай айтылған: «Қорқытып алушылық тікелей ниетпен және пайдакүнемдік себеппен сипатталады, яғни қорқытып алушы жәбірленушіден мүлікті, мүлікке құқықты тегін алуды, кінәлінің немесе өзге тұлғалардың пайдасына мүліктік сипаттағы басқа әрекеттерді жасауға қол жеткізуді қалайды, осы орайда қорқытып алушы талап еткенін алуға өзінің нақты немесе ықтимал құқығы жоқ екенін ұғынады және басқа тұлғаның есебінен заңсыз баюға тырысады» [18].

Сонымен бірге, «Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы №6 нормативтік қаулысының 23-тармағында әскери қылмыстар бойынша пайдақорлыққа мынадай түсініктеме берген: «әскери лауазымды адамның ұрлау белгілерінсіз материалдық пайда табуға ұмтылуын пайдакүнемдік деп, ал мансапқұмарлықты, өзінің әрекетсіздігін бүркемелеуге ұмтылуды, жазадан қашуды, туыстарына қызмет көрсетуді, сынағаны үшін кек алуды, қызғаншақтықты және өзге де зұлымдық ниетті жеке бастың өзге де мүддесін көздеу деп түсіну қажет» [19].

Бұл түсініктемелерде де толықтық жоқ.

С.А.Елисеев бұл жайында былай дейді: «...қылмыскердің өзіне ғана қандай да бір материалдық пайда келтіретіндер ғана, онымен туыстық, іскерлік, жолдастық және басқадай қатынастағы адамдарды да байытатын қылмыстар да пайдақорлық қылмыстар болып саналады» [20].

Я.В. Волженкиннің де бұл мәселеге қатысты пікірі осындай. Егер құқық қарсы (қылмыстық) жолмен алынған мүліктік пайда (мүліктік құқық) кінәлі үшін мүлде бөтен адамның пайдаланылуына берілсе

(қайырымдық қорына, балалар үйіне және т.б.) және олар оның шыққан тегін білмесе, бұл жерде пайдақорлық мақсат орын алмайды [21].

М.Г.Миненок пен Д.М.Миненоктың позициясы өзгеше, олар пайдақорлық қылмыстардың белгілі бір адамдардың мүддесі үшін ғана жасалмайтындығын айтады [22].

Бірақ, біздің ойымызша, заңның, мысалы қылмыстық заңның мәнісін алшақ ұғымдардан емес, өзінің мазмұны мен қолдану практикасынан шығарып алу керек. Яғни, пайдақорлыққа қылмыстық-құқықтық заңда кінәлінің қылмыстық жаза қарастырылған іс-әрекет жасай отырып, бөтеннің мүлкі (мүлікке құқығы) есебінен өзіне не өзімен байланысты адамдарға материалдық пайда келтіруге ұмтылуы деп анықтама беру керек.

Пайдақорлық пиғылды іске асыру тәсілі құқыққа қайшы (заңсыз) ғана емес, сонымен қатар қылмыстық жазаланатын да болуға тиіс [23]. Ал пайдақорлық себепті құқыққа қайшы (заңсыз) іске асыруға азаматтық не әкімшілік құқық бұзушылық арқылы да қол жеткізуге болады.

Пайдақорлық қылмыстық іс-әрекетті зерттегенде материалистік диалектика принциптерін нақтылау және дамыту формаларының біреуінің көмегіне, яғни әлеуметтік өмір құбылыстарын зерделеудің жүйелік тәсіліне жүгінеміз.

Жүйелік тәсілді криминологияға енгізу соңғы кездері қарқын алуда, бұл, әрине, дұрыс та заңды қадам, себебі құбылыстар мен процестерге жүйелік түсініктеме беру себеп-салдарлық түсініктемеге қарағанда жоғары деңгейлікті көрсетеді.

Қазіргі кезде жүйелердің жалпы теориясында көптеген әртүрлі анықтамалар бар, олар «жүйе» ұғымының мазмұнын ашады. Жүйелік талдау, әдетте, кез келген зерттелетін объектіде жүйенің компоненттерін, объектінің біріктіруші қасиеттерін, сондай-ақ жалпы жүйенің де, оның элементтерінің де функцияларын іздеп табуды және бөлшектеп қарастыруды талап етеді [4, 12-13 бб.].

Бұл зерттеуде біз авторлар берген анықтамалардың бірнешеуін ғана пайдаланамыз.

Мысалы, В.Н.Садовский Вебстер сөздігінен мынадай анықтама келтіреді: «Жүйе – ортақ жоспары бар әртүрлі көптеген факторлардан құралған, ортақ мақсатқа қол жеткізуге арналған күрделі бірлік» [24].

Жүйе, сонымен қатар, оның объектілерін немесе компоненттерін құрайтын ішкі өзара байланыс. Бұл өзара байланысты әртүрлі объектілердің немесе құрылымдық элементтердің жәй жиынтығы емес, бұл өзара байланыстың арқасында жүйе өзіне кіретін бір де бір объектіде немесе элементте жоқ жаңа сипат алады.

Қылмыстық іс-әрекетті осы тұрғыдан қарасақ, оны өзіне белгілі бір қасиеттер жиынтығы тән жүйе деп санауға болады. Бұл жиынтық барлық құрылымдық элементтердің қосылуы және қылмыстық іс-әрекеттің әрекет ретінде пайда болуы арқасында көрініс табады.

Кез келген жүйе белгілі бір элементтерден, объектілерден, компоненттерден тұрады, олар өзара тығыз байланыста және тәуелділікте болады, оларда белгілі құрылым мен қасиет болады.

Осыған байланысты жүйе ретінде қарастырылатын кез келген құбылыстың құрамын әр элемент бойынша анықтаудың теориялық та, практикалық та маңызы бар. Зерттелетін құбылыстың жүйелік талдамасы да элементтік құрамды анықтаудан басталады. Бұл кезеңде зерттеушінің назары объектінің бүтіндігіне, оның құрамына, элементтердің өзара әрекеттестікте көрініс табатын қасиеттеріне аударылуға тиіс. Сондықтан да құбылыстан элементтер құрамын бөліп алу – жүйелік зерттеудің жалпы әдіснамалық талабы болып табылады.

Табиғи және әлеуметтік шындық құбылыстарының элементтік құрамын анықтау, оларды талдау жүйелілігінің дербес кезеңі ретінде ғылымда да кең таралған. Қылмыс құрамы жайындағы қылмыстық құқық ғылымының жетістіктері мұндай жүйелік тәсілдің юриспруденциядағы нәтижелілігінің айғағы.

Қылмыс құрамын өзінше дербес, бірақ өзара байланысты элементтердің (объект, объективтік жақ, субъект және субъективтік жақ) жиынтығы деп қарастырып, қылмыстық құқық ғылымы тек осындай «жиынтық» қана қоғамға қауіпті іс-әрекеттегі қылмыстық белгіні аша алатындығын дәлелдеп отыр. Бұл элементтердің тым болмаса біреуінің болмауы басқа элементтерді бүтіндей жүйенің белгілерінен айырады, ал іс-әрекет, бұл жағдайда, қылмыс деп саралануға жатпайды.

«Қылмыс құрамы элементтерінің ішінде «тандаулысы» немесе маңызды-маңызды емесі болмайды», - дейді А.Н. Трайнин. Нақты қылмыстың құрамы болу үшін онда элементтер де түгел болуға тиіс. Кез келген элементтің болмауы құрамның болмауына алып келеді [25].

Қылмыс құрамы туралы ілімнің, бүтіндей жүйе ретінде, тек ғылыми-танымдық ғана емес, практикалық та маңызы зор, себебі қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыстық-құқықтық саралау, егер іс-әрекеттің жүйелік сипатын ескермесе, заңдылықтың бұзылуына алып келеді, озбырлыққа жағдай тудырады.

Басқа қылмыстық-құқықтық және криминологиялық құбылыстарда элементтік құрам бар. «Құрам» ұғымы заң ғылымы үшін жаңалық емес. Сонда да әлеуметтік-құқықтық құбылыстарды жүйелік талдаудың мүмкіндіктері әзірге толықтай пайдаланылған жоқ. Қылмыстық құқық пен криминологияның көптеген институттары, оның ішінде қылмыстық іс-

әрекеттер де жүйелік талдамаға алынған жоқ.

Заң ғылымының даму әдіснамасы мен логикасы, алдын алу практикасының талабы мен мүдделері, сотталғандарды қайта әлеуметтендірудің тиімділігін арттыру қылмыстық іс-әрекетті бүтіндей жүйе ретінде талдау керектігін көрсетіп отыр, ал оның элементтері біріккен кезде өздерінің бұрынғы қасиеттерін жоғалтып, мүлде жаңа сипат алады.

Қылмыстық іс-әрекетті біріктіруші жүйе ретінде сипаттағанда, бәрінен бұрын құрам мен оның элементтерінің жалпы ұғымына назар аудару керек. Бұл тұрғыда В.И. Протасовпен келісуге болады, ол элементтер жиынтығынан құрам құрылады, ал элемент – әрқашан да компонент, жүйенің бір бөлігі, яғни оның ішіндегі құбылыс. Элемент бастапқы ішкі бірлік, жүйенің функционалдық бөлігі, ал оның ішкі құрылымы бұл жүйеде ескерілмейтіндіктен, ол жай құбылыс болып саналады дейді [26]. Элементтің бұл аталған қасиетіне айрықша назар аудару керек. Бұл жүйелік құрылымның құрамына кіргендіктен элемент жай құбылыс деп, жүйенің бөлшектену шегі деп қарастырылуға тиіс. Қандай да бір жүйе құрамының элементтері өздерін құрайтын басқа элементтерге де бөлшектенуі мүмкін, ал олардың жиынтығы дербес зерттеуді керек ететін жаңа жүйе құрайды. Сондықтан да бұл жұмыстың мазмұнында қылмыстық іс-әрекеттің құрамын көрсететін барлық элементтердің ішкі құрылымының толық сипаттамасын бермейміз.

Егер пайдақорлық қылмыстық іс-әрекетті дербес жүйе ретінде қарастырсақ, онда оның өз құрамы бар деген тұжырым жасау керек. Әрине, «пайдақорлық қылмыстық іс-әрекеттің құрамы» ұғымы орынсыз болып көрінуі де мүмкін, себебі заң ғылымы ұзақ уақыт бойы бұл ұғымды қылмыстың ішкі құрылымымен байланыстырып келді.

Бірақ құбылыстарды жүйелік зерттеу процесінде «құрам» ұғымы, қолдану аясына қарамастан, аса маңыздылыққа ие болады. Оның көмегімен қылмыстың ішкі құрылымын ашуға болатындықтан ғана бұл ұғымды пайдалану мүмкіндіктерін ескермеу – жаңа құбылыстарды сипаттау үшін жаңа терминология ойлап табу керек дегенді білдіреді. Қалыптасқан ұғымдарды пайдаланудың ғылым үшін маңызы зор, сол арқылы терминологияның тұтастығы қамтамасыз етіледі, ал ол, өз кезегінде, теориялық ойлаудың ерекше тілі болып табылады.

Жаңа құбылыс жоқтан пайда болмайды, бұрынғы өткендерден туындайды, яғни жаңа теория ескі теория мен ескі терминологиядан туындайды. Кез келген басқа жүйелік құбылыс сияқты, қылмыстық іс-әрекеттің жалпы құрамы оның ішкі құрылымын құрайтын дербес элементтер жиынтығынан тұрады. Қылмыстық жазаның жүйелік құрылым ретіндегі жаңа қасиеттерін оның элементтік құрамының ашылуы арқылы

ғана көрсетуге болады.

Айта кететін бір жағдай, қылмыстық іс-әрекетті дербес элементтердің белгілі бір жүйесі ретінде қарастыру қажеттілігі 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың басында ойластырылды, бұл кезде «қылмыстық іс-әрекеттің тетігі» термині ғылыми айналымға енгізілген болатын, ол объективтік шындықтың сыртқы факторлары мен қылмыс жасауға итермелейтін, оның орындалуына басшылық ететін ішкі, психологиялық процестер мен күйлердің өзара әрекеттестігі, байланысы түрінде көрініс табатын [27].

Сонымен, қылмыстық іс-әрекеттік тетігі дегеніміз – оны құрайтын ішкі және сыртқы элементтердің өзара әрекеттестігімен анықталатын динамикалық құбылыс.

Ол мынадай үш буыннан тұрады:

- 1) Қылмыстың себебі;
- 2) Қылмыстық әрекетті жоспарлау;
- 3) Қылмысты орындау және қоғамға қауіпті зардаптардың болуы.

Қылмыстық іс-әрекет тетігінің тұжырымдамасы О.В.Старковтың еңбектерінде жалғасын тапты, ол жүйелік тәсілді пайдаланып және «қылмыстық іс-әрекеттің себептік тетігі» терминін қолдану керектігін дәлелдеп, оның құрылымын төрт элемент түрінде көрсетті [28].

Бірақ бұл ғалымдардың еңбектерінде себептік тетіктің құрылымы жан-жақты берілгенмен, қылмыстық іс-әрекеттің және оның құрамының маңыздылығы кейінге ығыстырылған.

Қылмыстық іс-әрекетке жүйелік құрылым деп қарау оның құрамынан объект, субъект, объективтік жақ (объективтік мазмұн), субъективтік жақ (субъективтік мазмұн) сияқты дербес элементтерді бөліп алу керектігін көрсетті.

Қылмыстық іс-әрекет құрамының теориялық моделі қылмыстық іс-әрекеттің кез келген түрінің ішкі құрылымын сипаттайды. Бұл тұрғыдан алғанда, ол қылмыстық іс-әрекеттің жалпы құрамын береді, оны құрамдас элементтерге бөлшектеудің ғылыми аспабына айналады. Қылмыстық іс-әрекет элементтерінің арасындағы генетикалық байланыс олардың бүтіндігін, өзінше бір жүйе екендігін көрсетеді.

Қорыта келе айтатынымыз, қарама-қайшы екі санатты өзара салыстыру материалистік диалектика мен заң ғылымы үшін жаңалық емес. Құқық және құқықтық қатынас, материалдық және процессуалдық құқық, объективтік және субъективтік құқық, қылмыс және жаза, объект және субъект, қылмыстың объективтік және субъективтік жағы сияқты қарама-қайшы қосарланған санаттарды пайдалану тәсілі юриспруденцияда бұрыннан қалыптасқан. Бұл тәсіл шындық құбылыстарын, оның ішінде заң жүйелерін жүйелік зерттеу кезінде айрықша

методологиялық маңыздылық алады. Өз мазмұнының дербестігін сақтай отырып, олар өзара қандай да бір байланыстар мен қатынастарға түседі, бүтіндей жүйенің өзінше бір қаңқасын құрайды, оны біз қылмыстық-құқықтық ғылымдағы, методологиялық тұрғыдан мінсіз, қылмыс құрамы туралы ілімнен көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Карпец И.М.* Пределы криминологических исследований //Социалистическая законность. - 1968. - № 3. - С. 9-14.
2. Курс советской криминологии. - М.: Юридическая литература, 1985. - Т. 1. - 410 с.
3. *Номоконов В.А.* Преступное поведение: детерминизм и ответственность. - Владивосток, 1989. - 300 с.
4. *Алауханов Е.О.* Пайдакорлық-зорлық қылмыстардың алдын алу: Монография. - Алматы: Ғылым, 2005. - 310 б.
5. *Алауханов Е.О.* Криминология: Учебник. - Алматы: Жеті-Жарғы, 2008. - 665 с.
6. *Карпец И.И.* Современные проблемы уголовного права и криминологии. - М.: Юриздат, 1974. - 280 с.
7. *Ковалев М.М.* Основы криминологии. - М.: Юриздат, 1970. - 310 с.
8. *Карпец И.И.* Проблема преступности: Учебник. - М., 1969. - 290 с.
9. *Ожегов С.И.* Словарь русского языка. - М., 1953. - 1020 с.
10. *Яковлев А.М.* Преступность и социальная психология. - М., 1971. - 288 с.
11. *Ильин И.Л.* Путь духовного обновления. Собр. соч.: В 3-х томах. - М., 1999. - Т. 2. - 356 с.
12. *Игошев К.Е.* Типология личности преступника и мотивация преступного поведения. - Горький: ГВШ МВД СССР, 1974. - 303 с.
13. *Гильский Я.И.* Криминология: Учебник. - СПб., 2002. - 380 с.
14. *Маркс К., Энгельс Ф.* Сочинения. 2-е изд. В 26-х томах. - М.: АН СССР, 1955. - Т. 3. - 320 с.
15. *Блувитейн Ю.Д., Зырин М.И., Романов В.В.* Профилактика преступлений. - Минск: МинГУ, 1986. - 335 с.
16. *Кудрявцев В.Н.* Причинность в криминологии. - М.: Юриздат, 1968. - 300 с.
17. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан № 1 «О квалификации некоторых преступлений против жизни и здоровья человека» от 11.05.2007 года. Сборник постановлений Пленума Верховного Суда Казахской ССР, Пленума Верховного Суда Республики Казахстан, нормативных постановлений Верховного Суда Республики Казахстан (1968–2008 гг.). - Астана, 2008. - С. 855-859.
18. «Параграф» Ақпараттық жүйесі. «Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының

2006 жылғы 23 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы. – 3 б.

19. «Параграф» Ақпараттық жүйесі. «Әскери қылмыстар жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы № 6 нормативтік қаулысы. – 5 б.

20. *Елисеев С.А.* Вопросы теории и практики предупреждения корыстных преступлений. – Томск, 1989. – 287 с.

21. *Волженкин Я.В.* Служебные преступления. – М., 2000. – 295 с.

22. *Миненок М.Г., Миненок Д.М.* Корысть: Криминологические и уголовно-правовые проблемы. – СПб., 2001. – 287 с.

23. *Бородин С.В.* Борьба с преступностью: теоретическая модель комплексной программы. – М., 1990. – 310 с.

24. Криминология / Под ред. А.И. Долговой. – М.: ИНФРА-НОРМА, 1999. – 402 с.

25. *Трайнин А.Н.* Уголовное право: Общая часть. – М., 1929. – 390 с.

26. *Протасов В.И.* Теория права и государства: Проблемы теории права и государства. – М.: Юрайт-М, 2001. – 277 с.

27. *Дубовик О.М.* Принятие решения в механизме преступного поведения и индивидуальная профилактика преступлений. – М.: Академия МВД СССР, 1977. – 289 с.

28. Курс советской криминологии. - М.: Юридическая литература, 1985. - Т. 1. – 410 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье уделено особое внимание тому, что невозможно решить проблемы уголовно-правового делопроизводства, криминалистических и пенитенциарных вопросов, не изучив в превентивных целях закономерности и процессы конкретного криминогенного положения всевозможных видов преступлений имеющих место в нашей повседневной жизни.

Тем самым, автор остановился на особенностях криминологической науки основываясь на выводах и научных исследованиях известных ученых в этой сфере.

(Ernazarov G., Orazbakov R. Преступные действия: его механизмы)

SUMMARY

In this article special attention is paid to the fact that it is impossible to solve all the problems of criminal-legal records management, forensic and penitentiary questions, without studying in preventional purposes the patterns and processes of specific criminogenic situation of various types of crimes taking place in our daily life.

Thereby, author paid attention to the peculiarities of criminological science based on the findings and scientific studies by reputable scientists in this field.

(Ernazarov G., Orazbakov R. Criminal Acts: its Mechanisms)

ÜOS 638.1

G.A.TEMİRBAYEVA

Gazi Üniversitesi İşletme Bölümü Yüksek Lisans Öğrencisi

**TEORİK AÇIDAN KURUM KÜLTÜRÜ VE
SINIFLANDIRILMASI**

Toplumlar, kendi ihtiyaçlarını gidermek amacıyla zaman içinde kendi içlerinden farklı gruplar doğurmuşlardır. Bunlar arasında örgütler ön plandadır. Toplumun en önemli birimlerinden olan kurumlar hem özel sektörde hem de kamuda çok önemli işlevleri yerine getiren mekanizmalardır. Bu mekanizmaların topluma karşı belirli sorumlulukları olduğu yadsınmaz bir gerçektir. Fakat kurumların, toplum kadar kendilerine ve çalışanlarına karşı da sorumlulukları vardır. Bu noktada bu sorumlulukları belirleyen en önemli faktörlerden biri kurumun kültürüdür. Kültür sayesinde çalışanlar, kurum içerisinde nasıl hareket edeceklerini kavrarlar ve buna göre hareket ederek çalıştıkları kurumu kar ve verimlilik olarak en üst düzeye çıkarmaya çalışırlar.

Anahtar kelimeler: Kurum kültürü, toplum, yaklaşım, davranış.

Тірек сөздері: әлеуметтік мәдениет, қоғам, тәсіл, тәртіп.

Ключевые слова: социальная культура, общество, подход, поведение.

Keywords: Social Culture, Society, Approach, Behavior.

Çağımızda insanlar yaşamlarının önemli bir bölümünü çeşitli kurumlarda ve o kurumun bir üyesi olarak geçirmektedirler. İnsanların her etkinliği bir kurum içindedir veya kurumla bağıntılıdır. Bu bağlamda, kurumların, kişilerin yalnız çalışma saatleri ile sınırlı yaşantılarını değil, tüm yaşamlarını ilgilendirdiği ve etkilediği söylenebilir. Öyle ki, günümüzde kurumla uygarlık eş anlama gelmiştir.

Kurumlar insan ilişkilerinin düzenlenmesinde kuvvetli birer toplumsal araçlardır. Bireylerin çok boyutlu ve çok nedenli davranışları kurumlarda ortaya çıktığı gibi, bu davranışlar diğer bireylerin davranışlarıyla ilişkilidir.

Her birinin davranışı çevrede bazı değişikliklere yol açarak ötekinin amacının gerçekleşmesine yardımcı olur.

Mal ya da hizmet üretmek amacıyla birçok insan durmadan çalışmakta ve birçok insan da bu çalışmalarını yönetmektedir. Tüm bu çalışmalar kurum adı

verilen bir işbirliği sistemi içerisinde sürdürülmektedir. Bu işbirliği ekonomik olabileceği gibi sosyal, kültürel, askeri, dinsel ve siyasal amaçlı da olabilir [1]. Kurumun basit bir tanımını yapmak çok zordur. Kurum kavramı birçok bilim dalına konu olmuş ve farklı bilim adamları tarafından farklı tanımlar yapılmıştır. Psikoloji bilimi kurumu, birden fazla kişinin bilinçli olarak koordine edilmiş faaliyetleri veya güçlerinden oluşan, karmaşık bir sosyal sistem olarak tanımlarken; sosyal açıdan kurumlar, küçük toplumlar olarak tanımlanmıştır.

İnsanlar tarafından araç olarak kullanılan kurallar, her kurum için vardır. Koçel'e göre kurum, bir düzen ya da düzenlemeyi ifade eder ve iş ile iş, iş ile insan ve insan ile insan arasındaki düzen ve düzenlemeler olarak tanımlanır. Kurum kavramı tanımlarının ortak noktası, toplumun temel yapı taşı olan insanların ortak bir amacı gerçekleştirmek için bir araya gelmiş olmalarıdır [2]. Bu noktada da insanları bir araya getiren yegâne unsurlardan biri kültürdür.

Kültür, kurumları saran toplumsal çevre şartlarının en önemli öğelerinden biridir. Bu nedenle kurumların yaşama ve gelişmelerini geniş ölçüde etkiler. Kurum kültürü kurum gerçeğinin görülmesine imkan veren düşünsel bir yapı yani bir paradigmadır. Bir paradigma kişilere kategoriler, rutin süreçler, iyi ve kötü çözüm önerileri sunar ve üyelerin kurumdan asıl davranacaklarını bilme yeteneklerini artırır. Diğer bir deyişle bir kurumun paradigması, kişilere paylaşılan yapılar, ortak dil ve referanslar sunarak kurumun içindeki bir probleme çözüm getirmede benzer yaklaşımlardan yol açmayı sağlar [3].

Tosun "nasıl ki bir ülkenin, bölgenin, kentin, kasabanın, köyün kültürü varsa bir işletme, bir kurum gibi değişik büyüklükte olan kurumlarında kültürleri vardır" görüşünü ileri sürerek her kurumun bir kültürünün olduğunu vurgulamıştır. Gerçekten, bir grup insan ortak bir amacı gerçekleştirmek için bir araya gelince ve bir birliği yeter bir süre devam ettirince, karşılıklı etkilerle, gruba özgü bir yaşama biçimi meydana getirirler. Bu konuda Koçel görüşlerini şöyle ifade etmiştir: "Her işletme organizasyonun da bir küçük toplum, bir küçük sosyetedir". Dolayısıyla bu küçük toplumunda bir "paylaşılan değerler seti" yani kültürü olacaktır.

Başka bir tanıma göre kurum kültürü, kurumlarda çalışanların düşünce ve davranışları için yol gösterici ya da bağlayıcı niteliğe sahip, kurumun tarihsel yaşam süreci içerisinde oluşmuş bilişsel ve normative oryantasyon bilgileri olarak tanımlanabilir.

Kurum kültürel yönden yaklaşımın temelleri insan ilişkileri yaklaşımına dayanmaktadır. Neo klasik yaklaşımı benimseyen kurum kuramcıları, kurum içindeki kültüre esas itibariyle davranışsal ve psikolojik yönden yaklaşmışlardır [4].

Kurum kültürünün sınıflandırılması

Harrison ve Handy'nin Sınıflandırması

Harrison ve Handy'nin kurum kültürü yaklaşımları birlikte açıklanacaktır. Çünkü Harrison kültürleri, güç kültürü, rol kültürü, görev kültürü ve birey

kültürü olarak sınıflamaktadır. Handy modelinde kültürler yunan mitolojisindeki tanrı isimleriyle ifade edilmekte ve Harrison modeliyle örtüşmektedir [5].

Rol Kültürü (Apollo)

Bu kültürde roller pozisyonları dolduran kişilerden daha önemlidir ve kurum en iyi bir rollere tanımlanmaktadır. Kurum tanımlanan rollere uygun kişileri işe almakta ve böylece bireysel katkıların ötesinde varlığını muhafaza etmektedir. Bu kültür sıklıkla bürokrasi ile anılmakta olup aşırı derecede biçimsel ve merkezidir.

Bu kültür ayrıntılı işlemler, yetki tanımlamaları iletişim prosedürleri, anlaşmazlıkları çözme konusunda yazılı kurallar koyma gibi özellikler taşır. Bu kültürde rol veya iş tanımlaması o işi yapan işgörender daha önemlidir. Bu kültürün etkililiği işgörenlerin kişiliklerinden ziyade, sorumluluklar ve işbölümünün rasyonelliğine bağlıdır. Rol kurumu sabit bir çevrede bulunduğu sürece başarılı olabilecek, çevre oligopoly ve monopol özellikler gösterdiği ölçüde başarısını sürdürecektir.

Rol modelinin simgesi tapınaktır. Tapınağın sütunları roller simgeler. Yarının, dünün bir tekrarı olarak Kabul edildiği bir anyaş için rol modeli idealdir.

Görev kültürü (Athena)

Görev kültüründe bir görev etrafında organize edilmiş disiplinler arası görev gruplarına önem verilir. Katılanların kendilerini disipline ettiği merkezi olmaya çalışma yolları esastır.

Görev kültürü, gruplara ve proje takımlarına son derece uyarlanabilen bir özellik gösterir. İş görenler bu kültürde işleri üzerinde yüksek derecede kontrole sahiptir. İş görenler işlerini kendi kendilerine kontrol edebilmeleri suretiyle güçlendirilmiştir.

Güç kültürü (Zeus)

Bu kültür merkezi otoriteden yayılan etki ve güç vasıtası ile merkeze bağlıdır. Bu kurumlar merkezi güç kaynaklarının isteklerine göre hareket edip, teamüllere göre çalışırlar. Bu kurumlarda çok az rol, bürokrasi ve prosedür vardır. Kontrol merkeze çağırma veya merkez tarafından görevlendirilen önemli kişiler vasıtası ile geniş bir biçimde merkez tarafından yapılır.

Birey kültürü (Dionysus)

Bu kültürde odak nokta bireydir. Var olan kurumsal yapı, kurum içerisindeki bireylerin ihtiyaçlarını karşılamak ve desteklemek için vardır. Bu kültür avukatlık büroları, küçük danışmalık şirketleri ve sivil toplum kurumlarında görülebilir.

Güç, görev rol kültürlerinde kurum iş görenler için vardır. Bu kültür, herkesin kendi işini yaptığı, kimsenin başkasına karışmadığı, en önemlisi de kişilerin faaliyet gösterdikleri kurum dışında da varlıklarını koruyabilmelerinin

münkün olduđu ortamlarda işlerliğini korur. Ancak bu kültür geliştikçe, bütün iş görenler bu kültürün sağladığı yararlardan faydalanmak isterler ve sorumluluktan ve risklerden kaçınmanın tadına varırlar.

Toyohiro Kono'nun Sınıflandırması

Kono (1992) beş tür kurum kültüründen söz etmektedir: Canlı kültür, lider eksenli-canlı kültür, bürokratik kültür, durağan kültür ve güçlü lider eksenli-canlı durağan kültür.

1. Canlı kültür

Bu kültürde kurum üyeleri yeniliğe açıktır. Ortak değerleri paylaşır ve bir aile duygusu içerisinde hareket ederler. Kurumun amaçları açık bir şekilde anlaşılır ve iş görenler yaptıkları işlerin anlamını bilirler. Bilgi etkili bir biçimde çevreden elde edilir ve müşteri yönelimlidir. Kurumda hem dikey hem de yatay iletişim etkin bir şekilde işlemektedir. İş görenler işlerini diğer iş görenlerin beklentilerini sezinleyerek yerine getirirler. Kurum içerisinde karşıt fikirlerin ifade edilme serbestisi vardır. Hiyerarşik basamaklar arasında statü farklılıklarına çok fazla önem verilmez ve iş görenler ile yöneticiler arasında çok az bir sosyal mesafe vardır. Bu kültür, strateji üretme ve etkili bir biçimde uygulayabilmeye yatkın bir kültür olmasının yanı sıra yüksek verimliliğe sahiptir.

2. Lider eksenli ve canlı kültür

Bu kültürde kurum üyeleri çoğunlukla kurumun kurucusu olan güçlü bir lideri rol modeli olarak kabul ederler. İş görenler liderin yeteneklerine ve üst yönetimden gelen fikirlere güvenirlir. Yönetim tutarlı kararlar aldığı sürece bu tip kültürün işlerliği yüksektir. Fakat yönetim eskidiği ve yanlış kararlar almaya başladığı zaman bu kültür durağanlaşır.

3. Bürokratik kültür

Bu kültürün görüldüğü kurumlarda kurallar ve standartlar artış gösterir. İş görenlerin davranışları bu kurallarla sınırlandırıldığı için iş görenler risk almaktan kaçınırlar.

4. Durağan kültür

Bu tip kültürlerde eski davranış kalıplarının tekrarlanması esastır. Bilgi edinme biçimi kurum içerisinde yönelimli olup, kurumda çevre değişimlerine karşı bir duyarsızlık vardır. Bu tip kültür monopol piyasalarda çalışan kurumlarda ve kamu kuruluşlarında görülebilir.

5. Güçlü Lider eksenli durağan kültür

Bu kültürde üst yönetim kararlarını yanlış alması pahasına yetkici bir tutum sergiler. İş görenlerin işleri üzerinde herhangi bir inisiyatif kullanma hakları yoktur. Bu kültür, bir kurumda üst yönetim uzun yıllar aynı kaldığında gelişme gösterir.

Hofstede'in Kurumsal Kültür Analizi

Geert Hofstede'in kültür konusunda düşünceleri, bugüne kadar kültürel farklılıklar üzerine yapılmış en kapsamlı ampirik çalışmalardan birine dayanmaktadır. Hofstede (1980) kırk ülke üzerinde yaptığı ve ulusal kültürün kurumlar açısından sonuçlarını incelediği araştırmanın sonuçlarını dört başlık altında incelemektedir; güç mesafesi, belirsizlikten kaçınma, bireycilik kolektivism ve erillik-dişilik. Ek araştırmalar sonrası bunlara zaman oryantasyonu boyutunu katmıştır.

1. Güç Mesafesi Özelliği

Kültürün bu boyutu bir toplumda kurumlar ve kurumlaşmalar içindeki gücün dağılım biçimini; bu dağılımdaki farklılıkların, eşitsizliklerin üyeler tarafından benimsenme ve kabul edilme derecesini göstermektedir [6]. Dolayısıyla güç mesafesi, gücün toplumun bireyleri ve organizasyonlarında eşit olmayan bir şekilde dağılımı ile ilgilidir. Hofstede göre güç mesafesinin düşük olduğu toplumlarda; toplumdaki eşitsizlikler azaltılmış, toplumdaki herkes birbirine bağımlı, hiyerarşi rollerin eşitsizliği anlamında olup uygun bir biçimde oluşturulmuş, toplumun alt katmanında olanlar ile üst katmanında olan herkes birbirini kendisi gibi bir insan olarak görmekte, gücün kullanımı hukuki ve iyi ve kötüyü ayırt etmeye bağlı, herkes eşit haklara sahip, güçlü insanlar sahip olduklarından daha az güçlü görünmeyi denemekte, sosyal sistem sorgulanabilmekte, bir sosyal sistemi değiştirmenin yolu gücü yeniden dağıtmaktan geçmekte, değişik güç seviyesindeki insanlar kendilerini daha az tehdit içinde algılamakta, güçlü ve güçsüzler arasında gizli bir uyum söz konusu ve güçsüzler arasındaki işbirliği dayanışma temelinde oluşabilmektedir. Sosyal bir sistemi değiştirmenin yolu güç sahiplerini değiştirmektir. Birilerinin gücü diğer insanlar için potansiyel bir tehdittir. Güçlü ve güçsüzler arasında gizli bir çatışma vardır. Güçsüzler arasındaki işbirliği insanların birbirlerine olan güveninin düşük olması nedeniyle zordur. Hofstede, düşük güç mesafesi yaşayan toplumlara örnek olarak Avusturya, İsrail, Yeni Zelanda ve İrlanda'yı göstermiştir. Yüksek güç mesafesinin yaşandığı ülkelere ise Malezya, Meksika, Güney Kore, Hindistan, Panama, Guatemala, Filipinler ve Venezuela'yı örnek vermiştir. Hofstede'nin yapmış olduğu araştırmada Türk toplumu, güç mesafesinin yüksek olduğu toplumlar arasında yer almaktadır [7].

2. Belirsizlikten Kaçınma Özelliği

Belirsizlikten kaçınma bir toplum üyelerinin kesinlik olmayan, kuşku uyandıracak durumlar karşısında kendilerini ne ölçüde rahatsız ve tehdit altında hissettikleri ve bu durumdan ne ölçüde kaçındığını ifade etmektedir. Bilginin yetersiz ya da açık olmaması, değişmelerin hızlı ve öngörülemez gelişmesi, yüksek düzeyde karmaşıklık durumunun söz konusu olması halinde, bir toplumun duyacağı tedirginlik, belirsizlikten kaçınma boyutuyla açıklanmaktadır. Toplumda aşırı belirsizlik tahammül edilemez bir gerilim

yaratır ve toplumlar bu gerilimle başa çıkma yöntemleri geliştirirler. Bu yöntemler din, teknoloji ve hukuk alanları ile ilgilidir. Teknoloji, insanın yarattığı maddi şeyleri; hukuk, sosyal davranışa rehberlik eden formal ve informal kuralları; din, bilinmeyenin bilgisini gösterir. Belirsizlikle başa çıkma yolları toplumların kültürel mirasıyla ilişkilidir. Belirsizlikle başa çıkma yolları okul, aile gibi temel kurumlar vasıtasıyla transfer edilir ve desteklenir. Kurumlar açısından belirsizlik kavramı, sıklıkla çevre kavramıyla ilişkilendirilir. Belirsizliğin kaynağı olarak çevre, kurumun doğrudan kontrolü altında olmayan her şey olarak ele alınır. Belirsizlikten kaçınmanın düşük olduğu toplumlara örnek olarak Singapur, Danimarka, İsveç, Hong Kong, İngiltere, ABD ve İrlanda'yı vermektedir. Hofstede'in araştırmalarında Türkiye, belirsizliğe toleransın düşük olduğu ülkeler arasındadır.

3. Bireycilik-Kollektivizm Özelliği

Kültürün bu boyutu bir toplumdaki insanların bir arada veya toplu olarak gösterdikleri davranışları ile ilgilidir. Hofstede'ye göre bireycilik, belirli bir toplumda topluluk veya bireyler arasındaki ilişkileri tanımlar. Çekirdek aileler, büyük aileler ve kabileler gibi insanların birlikte yaşama yollarını yansıtır. Bir başka deyişle, bireycilik-kollektivizm bir toplumun ilişkilerinin insanların daha çok kendilerinin ve birinci dereceden yakınlarının geçimiyle ilgili olduğu gevşek bir toplumsal çerçeve içinde mi, yoksa kişilerin grup içi ve dışı insanlar arasında ayrıma giderek, grup içi üyelerin kendilerine bakmalarını beklediği sıkı bir toplumsal çerçeve içinde mi örüldüğünü gösterir [8].

Eril ve Dişil Özellikler

Kültürün bu boyutu toplumdaki cinsiyetlere yüklenen rolleri ifade etmektedir. Cinsiyet rolleri, aile, okul ve akran grupları içerisinde sosyalizasyon yoluyla transfer edilir. Yetişkinlik öncesi sosyalizasyon erkekler için daha iddiacı, kadınlar için daha terbiye edici bir şekilde oluşabilir. Dişil kültürün göstergeleri; insana ve insanlar arası ilişkilere yüksek önem verme ve yaşamın genel niteliğini önde tutma şeklinde ortaya çıkar. Dişil kültür geleneksel anlamda toplumlarda genellikle kişilikle özleştirilen şefkatli, merhametli, nazik, sadık, çocuklara karşı sevgi dolu, başkalarına karşı duyarlı olma gibi özellikleri içermektedir. Uyuşmazlıkların tartışılarak çözülmesi yolu tercih edilir. Kadınsı değerlerin ön planda olduğu kültürlerde ise kişiler arası uyum ve anlaşma çok önemli bir yere sahiptir. Bundan dolayı, uyuşmazlıklarda çatışmaya girmektense, örtbas etme yoluna gidilir. Mutluluk ve kişiler arası huzur, başarı ve güç elde etmekten daha ön planda tutulur.

Günümüzde kurum kültürü, kuruluşların rekabet avantajı kazanmalarında önemli bir rol oynamaktadır. Çünkü kurum kültürü, işletmenin amaçları, stratejileri ve politikalarının oluşmasında önemli bir etkiye sahip olduğu gibi, yöneticilerce seçilen stratejinin yürütülmesini kolaylaştıran ya da zorlaştıran bir araçtır. Paylaşılan ortak değer, inanış ve davranışlara sahip olmayan zayıf kurum

kültürleri, belirlenen kurum stratejisini yürütme aşamasında güçlü kültüre sahip organizasyona kıyasla kurum içi ve çevresel ilişkilerinde davranış çabukluğu ve ataklığı gösteremedikleri için, güçlü kültüre sahip rakiplerinin gerisinde kalırlar.

İşletmeler, daha verimli, daha güçlü olmak ve müşteri memnuniyetini sağlayarak rekabet avantajı sağlamak istemektedir. Bunu yapmanın temel koşulu da işletmede ortak bir kültür yaratarak sinerji oluşturmak ve bu kültürün devamlılığını sağlamaktır.

КАУНАҚСА

1. *Hasan Tutar*, Kurumsal İletişim, Birinci Basım. Seckin Kitabevi, Ankara: 2003.
2. *Öztekin, A.* (2002). Yönetim Bilimi, Ankara: Siyasal Kitabevi.
3. *Atay, K.* (2001). “Okul kültürü”, Kuramdan Uygulamaya Eğitim Yönetimi.
4. *Şişman, M.* (1994). Kurum Kültürü (Eskişehir İl Merkezindeki İlkokullarda Bir Araştırma), Anadolu Üniversitesi.17.
5. *Terzi, A.R.* (2000). **Orgüt kültürü**. Ankara: Nobel Yayın Dağıtım.
6. *Hofstede, G.* (1989). “Corporate Culture: Organizing for Cultural
7. *Terzi, A.R.* (2000). **Orgüt kültürü**. Ankara: Nobel Yayın Dağıtım.
8. *Bakan, İ., T. Büyükbeye ve Ç. Bedestenci* (2004). Kurum Kültürü Teorik ve Ampirik Yaklaşım, İstanbul: Alfa Akademi.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада корпоративтік мәдениеттің қалыптасуы, оның анықтамасы және түрлері теориялық тұрғыдан зерттелген. Сонымен қатар, бұл мақалада корпоративтік мәдениет шетелдік ғалымдардың тәсілі бойынша классификациясы қарастырылған.

(Темирбаева Г.А., Теориялық тұрғыдан корпоративтік мәдениет және классификациясы)

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается теоретический аспект формирования корпоративной культуры, его определение и виды. Также в данной статье изучается классификация корпоративной культуры с точки зрения зарубежных ученых.

(Темирбаева Г.А., Корпоративная культура и классификация с теоретической точки зрения)

SUMMARY

This article deals with the theoretical aspect of corporate culture, its definition and types. Also in this paper we study the classification of the corporate culture from the perspective of foreign scientists.

(Temirbayeva G. A., Theoretical aspect of corporate culture and its classification)

ӘОЖ 338.04 584 5

Г.Ж.БАЙБОСЫНОВА

экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

А. Ясауи атындағы ХҚТУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы инновациялық белсенділікті жоғарылатуды мақсат еткен. Инновациялық қызметке мемлекеттің тікелей ықпал етуінің негізгі құралы мемлекеттік инновациялық саясат болып табылады. Инновациялық кәсіпкерлік экономикалық қызметтің ерекше түрі ретінде инновациялық процестің негізгі қозғаушы күші. Инновациялық кәсіпкерлікті жетілдіруді нарықтық механизмдер арқылы тиімді дамытудың басымдықтарын анықтау, жүйесін жетілдіруді қарастыру, инновациялық кәсіпкерлік мәселелеріне көңіл аудару өзекті болып табылады.

Тірек сөздері: кәсіпкерлік, инновациялық кәсіпкерлік, иновациялық саясат, белсенділік, лизинг, инфрақұрылым, шағын бизнес, қолдау.

Ключевые слова: предпринимательства, инновационное предпринимательство, инновационная политика, активность, лизинг, инфраструктура, малый бизнес, поддержка.

Keywords: entrepreneurship, innovative entrepreneurship, innovation policy, activity, leasing, infrastructure, small business, support.

Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық бағдарламасы елімізде инновациялық кәсіпкерліктің дамуы және қолдауына арналған мемлекеттік саясаттағы қажетті шараларды іске асыруды қарастырады. Инновациялық кәсіпкерлікті зерттеп, даму стратегияларын жасау ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуде өте маңызды.

XX ғасырдың басында Й.Шумпетер кәсіпкерлердің инновацияны тарату жолымен жетуге болатын экономикалық даму теориясын қалыптастырды. Кәсіпкер деп барлық бизнесмендерді емес, жаңа

өндірістің негізін салушылар немесе жаңа технологияны қолданатындарды түсінді. Инновация - өндірістік факторлардың ғылыми ұйымдастырылған комбинациясы, қозғаушы кәсіпкерлік күш деп Й.Шумпетер анықтама берді [1].

80-ші жылдары шағын ең жаңа технологиялық фирмалардың санының көбеюіне байланысты олардың инновациялық үлесі де өсті.

XXI ғасыр жүз жылдық ғаламдық инновацияның өркендеу ғасырына айналатынын қазіргі әлем елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр [2].

Қазақстан Республикасындағы инновациялық процестерге отандық ғалымдардың еңбектерінде негізгі орын берілген, инновация - негізгі капиталды (өндірістік қорларды) жаңарту және олармен өндірілетін өнімдерді ғылымның жетістіктерін, техникаларды, технологияларды енгізу нәтижесіндегі қызмет. Бұл қоғамдық өндірісті жетілдірудің заңды, объективті процесі [3].

Инновациялық кәсіпкерлікті экономикалық пайданы инновацияларды жасау және ұлттық экономиканың барлық сфераларында белсенді таратумен байланысты ерекше коммерциялық қызметті түсіну керек.

Инновациялық кәсіпкерлік субъектілеріне инновациялық қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындар және ұйымдар жатады.

Инновациялық кәсіпорындардың қызмет жасауының мақсаты болып технологиялық немесе өнімдік инновациялардан пайда табу болып табылады. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін инновациялық кәсіпорындар келесі міндеттерді шешеді:

- зерттемелерді және жаңа ғылыми ойларды іздеу және оларды бағалау;

- қажетті инвестициялық ресурстарды іздеу;

- нәтижелі басқару үлгілерінің жобаларын жасау.

Инновациялық кәсіпкерліктің басты қызметтерінің бірі болып ғылыми-техникалық және өндірістік сфералардың арасында делдалдық. Инновациялық кәсіпорындардың қызметі инновациялық өнім жасаумен немесе жаңа ғылыми-техникалық шешімдерді коммерциялық қолдануға дейін жеткізуімен байланысты ғылыми-техникалық ұйымдар және шаруашылық субъектілерімен амалсыз жасалған шығындардың қысқартуына жағдай жасайды.

Қазіргі таңда инновациялық кәсіпкерліктің қажеттілігін келесілер айқындайды:

- өндірістің интенсивті факторларының күшеюі, олар ғылыми-техникалық прогрессті экономикалық әрекеттің барлық салаларында қолдануға ықпал жасайды;

- жаңа техниканы құру мен енгізудің тиімділігін арттырудағы ғылымның анықтаушы рөлі;

- жаңа техниканы құру, игеру мерзімін елеулі қысқарту, өндірістің техникалық деңгейін жоғарылату, ғалымдар мен жаңашылдардың шығармашылығын жаппай дамыту қажеттілігі;

- ғылыми-техникалық өндірістің ерекшелігі, шығындар мен нәтиженің белгісіздігі, зерттеудің айқын көрінетін көп варианттылығы, қатер және мүмкін теріс нәтижелер;

- жаңа өнімді игеру барысында шығындардың көбеюі және экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы;

- техника мен технологияның жедел моральдық ескіруі және т.б.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың мақсаты еліміздің бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуы, кәсіпкерліктің ахуалын жақсарту.

Қазіргі уақытта елдер арасында жан-жақты тұрақты байланыстар қалыптасып келеді. Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, трансұлттық корпорациялар сияқты институттардың осыған дейін де әлемдік экономикада билік жүргізіп келуі, Қазақстан сияқты дамушы елдерге тезірек инновациялық игіліктерді игеруге түрткі болуда. Өйткені, әлемдік шеткері жатқан дамушы елдер шикізат жеткізуші қызметін атқарып, ал аталмыш институттардың құрылуына негіз қалаған орталықтағы іргелі мемлекеттердің оны өңдеп, оларға қайта сату болашақта шикізатқа бағытталған мемлекеттердің әлемдік тауар нарықтарындағы жағдайларға тәуелді болып қалу қаупін туғызады. Әлемдік тәжірибеде көрсеткендей, шикізат қорына бай кейбір елдер осы сектор арқылы едәуір табысқа ие болады да, индустрияның жаңа салаларын дамытуға ынталанбайды. Алайда, шикізат қоры бір кездері сарқылатындықтан да, тұрақты даму тұрғысынан алғанда шикізатты ел елеулі қиыншылықтарға кездесуі мүмкін. Бастапқыда шикізаттық мемлекеттер саналатын Латын Америкасы, Мексика және Бразилия елдері, Шығыс Азиядағы Оңтүстік Корея, Сингапур мемлекеттері инновациялық саясаттарды қолдану, яғни сервистік-технологиялық экономикаға өту арқылы өркендеуге қол жеткізуге болатынын дәлелдеп берді. Шығыс Азия елдерінің тәжірибесін қабылдау Қазақстан үшін тиімді болатынын нақты жағдай байқатып отыр [4].

Қазақстан кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін дамыту негізгі республиканың ғылыми-техникалық әлеуеті болып табылады.

Облыстар бойынша мәліметтерді салыстырсақ, инновациялық өнім шығаратын кәсіпорындар саны кейбір облыстарда артқандығын көрсетеді, мысалы 2008 ж. Ақмолада 8 кәсіпорын болса, 2014 ж. 11-ге жеткен, ал Алматы қаласында 2008 жылы 183 кәсіпорын болса, 2014 ж. бұл көрсеткіш 148 кәсіпорынға азайған [5].

Кейбір аймақтардағы кәсіпорындар инновациялық бағытта қарқын алып келеді. Мысалы: Шығыс Қазақстанда 2014 жылғы көрсеткіш бойынша өнім көлемі 110 миллиард теңгеге жеткен. Бұл өңірдегі барлық өнеркәсіп аймақтық Үдемелі индустриалды-инновациялық даму картасына енген. Олар өнімдерін ішкі нарықтан бөлек, алыс және жақын шетелдерге де жеткізеді. Еліміз бойынша әрбір инновациялық тауардың бесіншісі Шығыста шығарылады. Әсіресе тиган құймалары, машина жинау саласындағы қондырғылар мен тиекті арматура үлкен сұранысқа ие. Өңір бойынша Үдемелі индустриалды-инновациялық даму картасына құны 846 миллиард теңге болатын 76 жоба енген, соңғы 5 жылда 8 мың жаңа жұмыс орны ашылуда.

Статистика агенттігінің мәліметтерінен инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 2009 ж. 0,51 пайыз болса, 2011 жылы 0,86 пайызға жеткендігін көруге болады кесте 1.

Кесте 1. Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, % 2005-2014 жж.

	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014
Инновациялық өнімдерінің ЖІӨ-дегі үлесі, %	1,58	1,53	1,19	0,69	0,51	0,66	0,86	1,25	1,69	1,55

Алайда, 2014 ж. бұл көрсеткіш 1,55%-ды құрады. 2009 жылмен салыстырғанда кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 4%-дан 8%-ға дейін екі есе өсті, яғни инновациялық өнімдер көлемі де 7 есеге артты. Қазақстанның индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасында кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін 2020 ж. -20% -ға жеткізу көзделген. Бірақ осы өсу жылдамдығымен аталған көрсеткішке жету қиындығын көрсетеді.

Шағын инновациялық бизнесті дамытуға кедергі жасайтын негізгі факторлар:

- кәсіпорындардың меншікті қаражаты болмауы;
- қаржы көздеріне, нарыққа қолжетімділіктің шектеулігі;
- салалық конструкторлық бюролар санының жетіспеушілігі;
- ғылыми-техникалық кадрлардың аздығы және әлсіз менеджмент;
- ел территориясында біркелкі емес сервистік инфрақұрылым объектілерінің орналасуы.

Жалпы алғанда, бизнестік зерттеулердің нәтижесі бойынша, бар кәсіпорындардың дамуына және жаңасын құрудағы негізгі кедергілер қаржы мен кадр мәселесіне байланысты болып отыр.

Кәсіпкерліктің қалыптасу және дамуында материалдық-техникалық қолдау - инкубаторлар, технопарктер, индустриалдық аймақтар, лизингтік

және факторингтік компаниялар, франчайзинг және басқалар болып табылады.

Кәсіпкерліктің инновациялық түрлерін дамытуда лизингтің маңызы зор. Өйткені кез келген инновациялық кәсіпорын ашу үшін алдымен кәсіпорынға толық технологиялық циклды қамтамасыз ететін құрал жабдықтар қажет. Ал, жаңа технологиялар қымбат тұрады, және оны кез келген кәсіпкер сатып ала алмайды. Бұл мәселені шешудің бірден бір жолы қажетті құрал жабдықтарды лизингке алу болып табылады.

Шаруашылықтың инновациялық түрлерінің бірі саналатын лизинг жүйесі шетелдік техникалық потенциалды қолдану және оны жергілікті өндіріске енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдай елімізде қалыптасып келе жатқан инновациялық потенциалды қалыптастыру мен дамытуға жаңа мүмкіншіліктер ашады. Қазіргі таңда ел экономикасын инновациялық даму жолына өткізу мәселесі технология мен еңбек қатынастарын үйлестіру және басқару саласына жаңалықтар енгізу арқылы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады. Сол себептен, отандық өндірісті дамытудағы инновациялық фактордың рөлін күшейту үшін кәсіпорындарды түбегейлі жаңартуға және бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға мүмкіндік беретін лизингті қайта құру тетігі қолданылуы қажет.

Бизнесті ұйымдастырудың франчайзингтік формасы кәсіпкерлер қызметінің белсенділігін арттырады. Ал, бұл жағдай сәйкесінше әріптестер арасында басқару функциясын үлестіру бойынша, өзара қатынастың қағидасы мен мәдениеті бойынша, бірігіп қызмет атқарудың барлық үрдісінің ақпараттық қамтамасыз етілудің негіздемесі мен әзірлемесін қажет етеді [6, 175 б].

Қазақстан Республикасында соңғы 10 жылда франчайзингтік жүйелердің саны 2,8 есеге артып, 150-ге жетті. 2002 жылдан бастан елімізде франчайзингтік заң іске асуда, 1000-нан астам франчайзингтік нүктелері бар. Франчайзингтік компанияларда құрылған жұмыс орындарының саны көбеюде.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамытуда, мемлекет инновациялық кәсіпорындар жүйесін қалыптастыру және оларды жандандыру жөнінде ел басшылығы елдің экономикасын инновациялық жолмен дамытуды қамтамасыз ететін бірқатар шараларды қабылдады. Дүниежүзілік тәжірибе көрсетуіне қарағанда, шағын инновациялық кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаттың басты бағыты. Сонымен қатар ғылыми-техникалық саясаттың басты бағыты – шағын инновациялық фирмалардың қызметін тікелей қаржыландыру.

Шағын инновациялық кәсіпкерлерліктің саны көбейіп, инфрақұрылымының дамуы мен мемлекет тарапынан қолдау тапқанда

ғана шағын бизнес алдында өз міндеттерін жүзеге асырып, экономиканың дамуына үлес қосары анық. Қазақстандағы ғылым мен инновациялық қызмет саласының дамуы бара-бара экономикалық мақсаттың сәйкестігіне көбірек бағынады. Қазақстан сегменті инновациялардың дүниежүзілік әлемінде қалыптасып келе жатыр. Дәл осы аспектілер инновациялық қызмет саласында қазіргі процестерді айқындайды және ұлттық ғылыми-техникалық жүйенің қалыптасып жатқан рыноктық қатынастар шындықтарына бейімделу саясатының ерекшеліктерін анықтайды.

Шағын инновациялық бизнесті дамыту үшін мынадай шаралар кешенін жүзеге асыру қажет:

1. Инновациялық аймақтық кластерлерді дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

2. Ғылым және инновациялық қызметті инвестициялау үшін салықтық ынталандыруды жасау.

3. Ғылыми-зерттеу орталықтары, жоғары оқу орындары мен шағын инновациялық компаниялардың халықаралық тетіктерін қосуды қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер коммерцияландыру жүйесін әзірлеу.

4. Инновациялық бизнес үшін жоғары құзыретке ие топ-менеджментін оқыту жүйесін жасау.

2020 жылға қарай инновациялық инфрақұрылым қызметі мен перспективалық инновациялық жобаларды қолдауға өңірлік бюджеттен қаржыландыру үлесі едәуір ұлғаюы тиіс.

Басым инновацияларды ескере отырып, өңірлік дамуды және инфрақұрылымды жоспарлауды күшейту керек. Инновациялық шағын бизнестің артықшылығы біртіндеп арта түседі. Әзірленген технологиялар үшін университеттер мен өнеркәсіптік зерттеу зертханалары базасында стартаптар құрылатын болады. Жобаларды коммерцияландыру алаңы өнеркәсіптік инновациялық кластерлер болады. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың жергілікті инновациялық инфрақұрылымын құру. Инновациялық салада шағын кәсіпкерлік субъектілерінің аймақаралық және халықаралық ынтымақтастық қатынастарын дамыту.

Инновациялық кәсіпкерлікті құқықпен қамтамасыз етуде, яғни «ғылыми-техникалық және инновациялық кәсіпкерлікті қолдау туралы», «шағын инновациялық фирмаларды қалыптастырушы инкубаторлар мен технопарктер туралы» заңдарды қабылдау. Қазақстанда инновациялық ойларды өмірге енгізетін зерттеушілерді қолдайтын орындар қызмет атқарады, сонымен қатар инновациялар мен жаңалықтар және технологияларды дамыту орны құрылады.

Инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың маңызды бағыттары жоғары оқу орындарында да жоғары оқу орындарынан кейін де, оның ішінде шетелдерде оқуды, сондай-ақ мұндай бағдарламаларды қаржыландыруда мемлекет қатыса отырып, жұмыс істейтін менеджерлердің біліктілігін арттыру үшін қысқа мерзімді курстарды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді қамтитын инновациялық кәсіпкерлік саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Шумпетер Й.* Теория экономического развития. – Москва: Директмедиа Паблшинг, переизд. 2008. –401 с.
2. *Ельцов О.* Конкурентоспособная промышленность Казахстана: мираж или перспектива. //Аль Пари. 2003, № 1, 17-19 стр.
3. *Жан-Поль Бландиньер.* Реиндустриализация России: насколько пригоден Европейский опыт. // Экономист, 2005, №5. –35-36 стр.
4. *Бабаев Ф.А., Борисов В.Н.* Инновационный фактор оценивания результативности управления в промышленности// Проблемы прогнозирования. – 2005. - №4. – 136-142 стр.
5. ҚР статистика агенттігінің ресми интернет-ресурсы www.stat.gov.kz
6. *Исабеков Б.* Кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды-инновациялық негіздері. – Түркістан: Тұран баспасы. – 2008. – 336 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются основные факторы сдерживающие развитие малого инновационного бизнеса, а также проблемы инновационного предпринимательства в Казахстане. Автор предложил некоторые меры по их устранению и развитию в будущем инновационного предпринимательства в стране.

(Байбосынова Г. Развитие и поддержка инновационного предпринимательства в Казахстане)

SUMMARY

This article discusses the main factors hampering the development of small innovative businesses, as well as problems of innovative entrepreneurship in Kazakhstan. The author proposed some measures to address them in the future and the development of innovative entrepreneurship in the country.

(Baibosynova G. Development and Support of Innovative Business in Kazakhstan)

ӘОЖ 658.3.584.5

Б.Ж.АЛЬМУХАМБЕТОВА

Экономика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті м.а.

Р.И. ЕРМАНКУЛОВА

Экономика ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШИПАЖАЙ-САУЫҚТЫРУ
КЕШЕНДЕРІНДЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ
ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Бұл мақалада Қазақстандағы шипажай-сауықтыру қызметі нарығының қазіргі таңдағы жағдайына талдау жасалған. Шипажай-сауықтыру қызметі нарығының дамуын тежеп отырған факторлар айқындалған. Шипажай-сауықтыру кешендерінде еңбек ресурстарын басқаруды жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар берілген. Шипажай-сауықтыру кешендерінде білікті кадрларды дайындау қажеттілігі туралы тұжырымдар жасалған.

Тірек сөздері: шипажай-сауықтыру қызметі нарығы, еңбек ресурстары, басқару, кадрларды дайындау, кадрларды оқыту.

Ключевые слова: рынок санаторно-оздоровительных услуг, управление, трудовые ресурсы, подготовка кадров, обучение кадров.

Key words: market of sanatorium services, management, human resources, training.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының ұзақмерзімді приоритетті бағыттарының бірі азаматтардың денсаулығы болып табылады. Осы стратегия негізінде «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту болып табылады [1].

Денсаулық сақтау сферасындағы мемлекеттік саясат бағыттарының бірі шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту болып табылады. Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту кезек күтірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі, шипажайлар көрсететін қызметтердің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі бірінші кезекте,

тұрғындар арасында науқастар санының азайымымен, өміршеңдіктің ұзаруымен, еңбекке белсенді тұрғындар санының артуымен, жарақаттардың азайуымен сипатталады.

Адам – ұдайы өндіріс процесінде басты өндірістік күш ретінде қатыса отырып – «демалыс», «сауықтыру» қоғамдық өндірістің интенсификация факторы ретінде ортаға шығады. Аймақ деңгейінде бұл миграциялық үрдістердің қалыпты болуына септігін тигізеді, еңбек ресурстарының бір аймақта шоғырлануына, науқастар санының азайымына, еңбек өнімділігінің артуына, бос уақытты дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді [2].

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша шипажай-сауықтыру кешендерінде жұмысшылардың сауықтыру шараларын ұйымдастыру созылмалы аурулардың күшею санын 2-6 есеге және де ауруханада емделу қажеттілігін 2,4 есеге азайтады. Шипажайларда емделуден кейін 2-3 есеге мерзімдік және тұрақты еңбекке қабілетсіздік азаяды [3].

Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендері қызметінің сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Жақын уақытта шипажай-курорт сферасы сегменті басымдықпен дамитын болады, ал отандық шипажай кешендері шетелдік шипажай-курорттармен төмен баға есебінен бәсекелесе алады. Сонымен, қызметтердің жаңа түрі қалыптаса бастайды және шипажай инфрақұрылымы әлдеқайда кенейетін болады.

Бүгінгі таңдағы отандық шипажай-сауықтыру және курорт-туристік кешендердің жағдайы, сонымен бірге шипажай-сауықтыру мекемелері көрсететін қызметтер келесі заңдылықтармен және даму тенденциялармен сипатталады:

- еліміздегі барлық аймақтарда демалыс пен емдеуді тиімді ұйымдастыру үшін жағдайлар бар, ал жекелеген аймақтар сауықтыру және демалысты ұйымдастырудың рекреационды және сервистік мүмкіндіктеріне ие, және олар шетелдік алдыңғы қатарлы емдеу мекемелерінің емдік эффекті мен қызмет көрсету деңгейіне бірқатар деңгейде сай келеді;

- қоғамдық денсаулық сақтау, қайта қалпына келтіру, сауықтыру және емдеу жүйесіндегі мемлекеттік шипажай-сауықтыру мекемелерінің салыстырмалы түрде үлесінің қысқаруы есебінен жеке және ведомствалық шипажай-сауықтыру ұйымдары дамып келеді, олар абсолюттік көріністе тұтынушылардың көпшілік бөлігін, соның ішінде балалар мен жасөспірімдерге қызмет көрсетуді арттырып келеді;

- шипажай-сауықтыру ұйымдарының материалдық-техникалық базасының дамуына жеке және ведомствалық инвестициялардың артуы соңғы жылдары ұйымның инфрақұрылымын жақсартуға мүмкіндік береді, сонымен бірге, қызмет көрсету сапасын және аймақтарда, соның ішінде оңтүстік курорттық аймақтарда, жекелеген пансионаттар мен демалыс үйлерінде әлеуметтік қызметтің осы түрінің ұсынысын арттыруға алып келіп отыр;

- елдегі шипажай-сауықтыру әлеуеті жыл ішінде толық көлемде қолданылмай отыр, бұл еңбектің ерекше жағдайымен және азаматтардың демалуға деген көзқарасымен түсіндіріледі, сонымен бірге қолжетімді ақпараттың жоқтығы, шипажай-сауықтыру ұйымдары ұсынатын қызмет көрсетудегі әлсіз маркетингтік технологияларда әсерін тигізіп отыр;

- шипажай-сауықтыру ұйымдарын басқару жүйесінің ғылыми негізделген талаптарын қалыптастыру қажеттілігі артып отыр. Себебі, көптеген аймақтық шипажайлар шипажай-сауықтыру қызметінің отандық стандарттарына сәйкестік сертификаттарға ие емес, бұл алдыңғы қатарлы және шетелдік турагенттіктермен, корпоративтер мен жеке әлеуетті клиенттермен олардың жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді;

- өмір сүру сапасын жақсартуға және «Саламатты Қазақстан» ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру негізінде жыл сайынғы сауықтыру, курорт ісін дамытудың аймақтық және жергілікті бағдарламаларын республикалық бағдарламалармен үйлестіре отырып жүзеге асыру бағытында бір мемлекеттік саясатты қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр.

Шипажай-сауықтыру қызметінің қажетті даму қарқынын қамтамасыз етудің маңызды шарттары осы сфера мен осы сфераға қатысты әлеуметтік-экономикалық қызмет түрлерінің қызмет етуінің нормативтік құқықтық негіздерін жетілдіру болып табылады.

Шипажай-сауықтыру және шипажай-курорт қызметтері сферасында әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық қатынастарды реттеуші, сонымен бірге елдегі шипажай-сауықтыру қызметінің дамуын қамтамасыз етуші маңызды нормативтік-құқықтық құжат шипажайларды дамыту бойынша мақсатты бағдарламалар болып табылады. Бірақ бұл бағдарламалар толығымен орындалмай отыр.

Сонымен қатар шипажай-сауықтыру кешендері қызметінің сапасын арттыру білікті кадрларсыз мүмкін емес, бұл кадрларды дайындау мемлекеттік медициналық университетте жүргізіледі. Бірақ, жаңа мемлекеттік білім беру стандарттары тек жоғары білім беру жүйесін ғана қамтуы тиіс емес, сонымен қатар орта кәсіптік білім беру жүйесін, және де біліктілікті көтеру жүйесін қамтуы керек. Білім беру жүйесінің және біліктілікті көтеру жүйесінің сапасы білім және дағдыларды үйрету қабілетімен анықталады. Жоғары айтылғаннан түйетін ой, шипажай-сауықтыру кешендерінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, дайындау сферасындағы қызметтерді жетілдіру болып табылады.

Заманауи персоналға бағдарланған технологиялар – бұл, ең алдымен, белсенді қызмет етуге ынталандыруды қалыптастыру және дамыту, еңбек нәтижесінің сапасын жетілдіру және жаңа түрін жүйелі іздеу болып табылады. Кадрлық механизм кадрларды таңдау, бағалау, дайындау және қайта дайындау, сонымен қатар тиімді еңбек ету үшін оларды ынталандыру және есепке алу жүйесін қамтиды.

Сондықтан да кадрлармен жұмыс салыстырмалы түрде жеке дара механизм ретінде қарастырылуы тиіс, себебі оның әсері жалпы шипажай-сауықтыру кешендері мен жеке сауықтыру орындары шеңберінде радикалды нәтижелер беруі мүмкін. Қарастырылып отырған механизм шипажай кешені бизнесі үшін мамандарды дайындау, таңдау және орналастыру бойынша жұмыстар жүйесі ретінде, ең алдымен жоғарғы звено басшыларын есепке алу, жауапты және тиімді еңбекке ынталандыруды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Шипажай-сауықтыру кешендерінде кадрлар мен мамандарды дайындаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін жоғарылатудың кәсіби-біліктілік құрылымын ғылыми-негізделген өзгерістерін анықтау, қайта даярлау көлемдерін кеңейту маңызы болып табылады [4].

Сонымен қатар, шипажай-сауықтыру кешендерін басқару тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазіргі таңда шипажай-сауықтыру ұйымдарының көпшілік бөлігінде бұрынғы орталықтандырылған басқару құрылымынан айырмашылығы көп емес. Нарықтық экономикаға тән бөлімдер мен бөлімшелер пайда болғанымен, әдістемелік және әдіснамалық тұрғыдан олардың жұмысы тәжірибеде нарықтық емес кезеңде қолданылатын әдістерге негізделеді.

Шипажай кешендері үшін мамандардың білім беру сапасы қызмет көрсету сапасы мәселесінен ажырамайтын мәселелердің бірі. Оқу орталықтарындағы оқытушылар құрамы шипажай-сауықтыру сферасындағы өзгермелі талаптарға жауап беруі үшін біліктілігін тұрақты арттырып отыруы керек, кәсіби шеберліктері жоғары деңгейге ие болуы қажет.

Шипажай қызметі сферасындағы ғылыми зерттеулерді қолдауда үлкен мәнге ие. Дегенмен де бұл аталғандардың барлығын мемлекеттің реттеуші үйлестіруші рөлінің көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Шипажай-сауықтыру кешендері үшін білікті мамандарды дайындау үшін Кеңес құру мақсатқа сай болып табылады, оның құрамына ҚР Білім беру Министрлігі, ҚР денсаулық сақтау Министрлігі өкілдері, сонымен қатар кәсіптік ғылыми және оқу мекемелерінің өкілдері және жұмыс берушілер кіргені дұрыс болып табылады. Бұл Кеңес жаңа білім беру стандарттарын дайындауды ұйымдастыруы мүмкін, қажетті мамандар санын анықтайды, сонымен қатар шипажай-сауықтыру кешендеріне қажетті кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін көтеру мүмкіндігіне ие оқу орындарын және біліктілікті арттыру орталықтарын лицензиялайды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, шипажай-сауықтыру кешендері мен сауықтыру мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі, сонымен қатар емдеу қызметі нарығында жұмыс жасайтын шипажай-сауықтыру қызметі менеджерлерді дайындау және қайта даярлау ерекше көзқарасты талап етеді.

Шипажай-сауықтыру қызметі мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі және медициналық ғылыми орталықтарда жүргізіледі.

Сонымен қоса, шипажай-сауықтыру кешенінде қызмет көрсетуші еңбек ресурстарының кәсіби дайындық деңгейінде де бірқатар кемшіліктер кездеседі. ТАСИС бағдарламасының эксперттері жүргізген зерттеулер қонақжайлылық туралы білімі мен дағдылары, білігінде біршама кемшіліктердің орын алғандығын айқындады, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында бұл сферада бір бағыттағы стратегияның жоқтығы анықталды. Қазіргі таңда қызмет көрсетіп отырған медициналық мекемелердегі бағдарламаларда шипажай-сауықтыру емі спецификасы бойынша білім кеңінен қарастырылмайды, өз кезегінде науқастарды қандай-да бір шипажай-сауықтыру кешенін дұрыс таңдау, сол шипажай-сауықтыруда емдеу ісі қалай жүзеге асырылатындығы туралы толық ақпараттар ала алмайды. Нәтижесінде емдеу-сауықтыру мекемелері ішіндегі шипажай-сауықтыру кешендерінде тұтынушылар ем таңдау кезінде бірқатар келеңсіз жағдайлардың орын алушылығы пайда болады. Бұл өз кезегінде емдеу қызметі сферасындағы мамандардың еліміздегі шипажайлар және осы шипажайлардың емдік факторлары аясында білімінің аздығын көрсетеді [5].

Жалпы қорыта келе жоғарыда айтылғандардан түйетін ой оқытудың дифференциалдық әдісін, оқу үрдісі барысында және диплом алғаннан кейінгі мамандандыру сатыларында куротологиядан дәріс беру көлемін арттыру қажет, сонымен қатар шипажай қызметі сферасындағы медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестациялау жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар заманауи ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын дайындау мақсатқа сай болып табылады. Бұл бағытта білім берудің инновациялық формаларын дамыту қажет, сонымен қатар әлдеқайда прогрессивті және экономикалық тұрғыдан тиімді заманауи ақпараттық технологияларға негізделген қашықтан оқыту әдістерін дамыту қажет болып табылады. Сонымен қатар нарықтық қатынастың даму жағдайында меншік түрлерінің артуымен білікті еңбек ресурстарына деген талаптар тұтынушылар тарапынан артуына орай, емдеу қызметі нарығында мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарды басқарудың экономикалық тиімділігі мәселесі білім беру қызметінің нарығы мен еңбек нарығында жоғары оқу орынына қоятын жаңа талаптардың пайда болуымен ерекше маңыздылыққа ие болып отыр.

Шипажай-сауықтыру кешендерінде персоналдың рөлінің жоғары екендігі жоғарыда жасалған зерттеулер дәлелдейді, себебі келген клиентке жоғары деңгейде қызмет көрсету керек, және оның тұрақты клиент болуы үшін барлық жағдайлар жасау қажет. Шипажайдың табысы тікелей осы факторға байланысты – тұрақты клиенттер қаншалықты көп болса, соншалықты шипажайдың пайдасы жоғары болады. Зерттеулер көрсеткендей,

тұрақты клиенттердің 5% аргуы пайданың 25% өсуін қамтамасыз етеді.

Жалпы халық үшін шипажай-сауықтыру кешендерінің қызметі медициналық сауықтыру шараларының ең тиімді құрамдас бөлігі болып табылады, ал шипажай кешендерін дамыту экономикалық және әлеуметтік жағынанда өзін-өзі ақтайды, өйткені ұлттың денсаулығына инвестиция салынатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан. 29.11.2010.
2. Экономика и управление здравоохранением: Учебник / Л.Ю.Трушкина и др. – Изд. 5-е, перераб. и доп. – Ростов/Д: Феникс, 2007. -125 б.
3. *Мелдеханова М.* Еңбекті тиімді пайдаланудың жолдары. – Алматы: Экономика, 2004. – 40 б.
4. *Эренберг Р.Дж., Смит Р.С.* Современная экономика труда: Теория и государственная политика. – М.; 1996. -800 б.
5. *Разумов А.Н.* Роль и место восстановительной медицины и курортного дела в концепции развития здравоохранения до 2020 года //Материалы международного конгресса «Актуальные проблемы восстановительной медицины, курортологии и физиотерапии», Здравница – 2008. – М., 2008. – 150-153 б.

РЕЗЮМЕ

Настоящая статья посвящена вопросам совершенствования управления трудовыми ресурсами в санаторно-оздоровительных комплексах Республики Казахстан. Выявлены факторы сдерживающие развития рынка санаторно-оздоровительных услуг. Даны рекомендации по совершенствованию управления трудовыми ресурсами на санаторно-оздоровительных комплексах. В заключении подчеркивается, необходимость подготовки квалифицированных кадров в санаторно-оздоровительных комплексах.

(Альмухамбетова Б.Ж., Ерманкулова Р.И. Пути совершенствования управления трудовыми ресурсами в санаторно-оздоровительных комплексах Республики Казахстан)

SUMMARY

This article is devoted to the issues of improving the management of human resources in the health-improving complexes of the Republic of Kazakhstan. The factors constraining the development of the market of sanatorium services. The recommendations for improving the management of human resources in the health and fitness complexes. In conclusion emphasizes the need for qualified personnel in the health and fitness complexes.

(Almukhambetova B.Zh., Yermankulova R.I. Ways of Improving the Management of Human Resource in the Sanatorium Complexes of the Republic Kazakhstan)

ӘОЖ 333.731

Ұ.Р.МАХАНБЕТОВА

Экономика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

Э.САХЕТДУРДЫЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ ТАМАҚ
ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ**

Қазіргі таңда барлығымызды сапалы және тиімді тамақ өнімдерімен қамту мәселесі толғандыра түсуде. Бұл жағдай зерттеп келгенде еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Алдыңғы уақыттарда еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тұрғыдан жүргізілетін сындарлы саясат және экономикалық қолдау қажет. Ол үшін басты бағыттар болып мыналар табылады: тамақ өнеркәсібі саласының тиімді жүйесін қалыптастыру, ішкі және сыртқы нарықтарда азық-түлік өнімдерін сатуды ұлғайту, өңдеуші құрылымдардың тиімділігін арттыру.

Тірек сөздері: тамақ өндірісі, тамақ өнеркәсібі, азық-түлік қауіпсіздігі, шағын бизнес, факторлар, элементтер, механизмдер.

Ключевые слова: производства продуктов питания, пищевая промышленность, продовольственная безопасность, малый бизнес, факторы, элементы, механизмы.

Keywords: productions of foodstuffs, food industry, food safety, factors, mechanisms.

Тұрақты даму мен тәуелсіздікті сақтап қалуды көздейтін кез келген тәуелсіз мемлекеттің мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігі. Әлемдегі дағдарыс тамақ өнеркәсібі нарығында азық-түлікпен қамтамасыз ету сұрағына және осы мәселелерді шешуге мақсатты бағыттайды. Сонымен, барлық елде азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз ету мәселесі жылдан жылға өзекті.

Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында: - Әлемдік дағдарыстың елді азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге міндетті екендігі және бұл аталмыш мәселе Үкімет тарапынан болатын нақты бағдарламаның негізінде жүзеге асуы қажет – деп көрсетті [1]. Осыған

байланысты алдағы уақытта еліміздің экономикасын серпінді түрде дамыту үшін индустриалды-инновациялық саясат іске асырылып жатыр, ол жерде агроөнеркәсіпті, оның ішінде тамақ өнеркәсібі саласын дамыту мәселесі басты орынға қойылды. Тамақ өнеркәсібінің дамуы бірден екі стратегиялық мақсатты: бірі, экономиканы әртараптандыру және екіншісі, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететінін атап көрсетіп, оған бөлінетін қаржылық-материалдық ресурстардың қомақты болатынын атап өтті. Дәлірек айтқанда, экспортқа бағдарланған сүт өндіретін фермаларды, құс фабрикаларын, мал бордақылау кешендерін салу, ет және ұн өңдейтін кәсіпорындарды іске қосу көзделуде. Сайып келгенде қойылған мақсаттардың жүзеге асуы жаңа кәсіпорындардың іске қосылуымен және жұмыс жасап тұрған кәсіпорындардың қуаты мен тиімділігінің артуына тығыз байланысты.

Қазіргі таңда азық-түлік қауіпсіздігінің астарында мемлекеттегі барлық адамдар мен халықтың әлеуметтік тобы белсенді және салауатты өмір сүру үшін қауіпсіз, сандық жағынан жеткілікті және сапалы тағаммен қамтамасыз ету.

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекет халқын отандық өндірісі ғылыми негіздеген нормадағы, қолжетімді бағада, экологиялық таза және денсаулыққа пайдалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету дәрежесі. Сонымен, көптеген ғылыми жұмыстарда азық-түлік қауіпсіздігін мемлекеттің азық-түлік тәуелсіздігіне жету екендігін көрсетеді.

«Бүкіл әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі Римдік деклорациясында» әрбір адам денсаулығына қауіпсіз толық азық-түлікпен қамтамасыз ету құқығы ерекше анық көрсетілген [2].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету көрсеткіштері ол:

- адам басына шаққанда тамақ және ауылшаруашылық өнім мен шикізат өндірісі деңгейі;

- адам басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерін тұтыну деңгейі;

- тамақ рационының энергетикалық құндылығы;

- негізгі тамақ өнімдерінің өнім ресурсындағы импорттың үлес салмағы;

- нормативтік талаптармен стратегиялық және жедел тамақ қорының мөлшерін салыстыру;

Азық-түлік қауіпсіздігінің дамытудың негізгі элементтері:

- тамақ өнімдеріне физикалық қолжетімдік;

- тамақ өнімдеріне экономикалық қолжетімдік;

- азық-түлік қауіпсіздігі.

Осы элементтер орындалған жағдайда халықтың әл-ауқат жағдайы өседі және экономикалық тәуелсіздік жоғарылайды.

Сонымен қатар, азық-түлік өнімдерін өндіретін тамақ өнеркәсіптер өндірісінің бәсекелі және сапалы тиімді дамуы әр елдің ерекшелігіне байланысты.

Тамақ өнеркәсібі – мемлекеттің экономикалық дамуында және халықтың өмір сүруінде ең негізгі орын алатын тамақ өнімдерін шығаратын секторлар жиынтығы. Қазақстанның өңдеу өндірісіндегі дамып келе жатқан секторы тамақ өнімін өндіретін өндіріс [3].

Мемлекеттің бүкіл экономикалық жүйе мүдделерін қозғайтын және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі факторына, отандық тамақ өнеркәсібін дамыту болып табылады және оны экономикалық тиімділігі жоғары және табысты секторына айналдыру.

Тамақ өнеркәсібі ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға тікелей байланысты. Сонымен бірге, электр энергиясын тасымалдау, орау материалдары өндірістеріне тиісті салаларды дамыту маңызды рөл атқарады. Ол әлеуметтік әл-ауқатын қалыптастыруда маңызды болып табылады [4].

Тамақ өнеркәсібі бірқатар өзгешеліктерге ие. Оларға азық-түлік тауарларының құрамындағы жоғары санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптары және оларды өндіру технологиясы, дайын өнімнің бірнеше түрін сақтау мен жеткізудің шектеулі мерзімі, тұтынушылардың денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптардың жоғарылауы.

Тамақ өнеркәсібінің өзгешелігі азық-түлік нарығының ерекшеліктерімен байланысты. Біріншіден, өнімге деген сұраныс тұрақты болып табылады, бұл тамақ саласы инвестициялар үшін тартымды және қолайлы болып табылады. Екіншіден, көптеген азық-түлік тауарларының түрлері халықтың төлемқабілеттілік деңгейіне тығыз байланысты және де ол жергілікті нарықтарда айтарлықтай ауытқиды. Бұл өндіріліп отырған өнімдерінің түрлерін таңдау және оларды тұтынушыларға жеткізу бойынша көптеген түпкілікті жұмыстарды талап етеді.

Тұрақты даму парадигма шеңберінде экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік пен экологиялық тиімділікті жоғарылату мәселесі тамақ өнеркәсібі үшін айрықша өзекті. Оның шешімі тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің жылдам ұлғаюы кезінде ғана мүмкін.

Оңтүстік Қазақстан облысының 2015 жылы тамақ өнімдерін өндіру көлемі бойынша Қазақстанның аумақтарындағы рейтингтік көрсеткіштеріне сәйкес жеміс-жидек пен көкөніс өнімдерін өндіруде қызанақ консервілерін, өсімдік майын өндіруде мақта майы мен рафинатталмаған күнбағыс майын, ұн және басқа да дәндік өнімдерінде жаңа піскен нан мен майда тартылған ұн және макарон, спирттік сусындар өндіруде шарап шығаруда 1-2 орындарға ие.

Облыстың шағын және қосалқы өнеркәсіп кәсіпорындарымен 2015 жылдың қаңтар-маусым аралығында 48131,1 млн. теңгенің өнімі өндірілді, Осы кезеңде өңдеу өнеркәсібінің шағын және қосалқы кәсіпорындарымен 36925,5 млн. теңгенің өнімі өндірілді, бұл алдыңғы жылдың деңгейінен – 32,4%-ға жоғары. Тамақ өнімдерін өндіру көлемі 15442,9 млн. теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда – 8,6% жоғары. Бұл негізінен үй құсының еті – 32,2%-ға, мақсары майы және оның фракциялары – 67,0%, өңделген сұйық сүт және кілегей – 19,0%-ға, ірімшік және сүзбе – 32,0%-ға, дәнді және өсімдік дақылдарынан жасалған ұн – 12,2%-ға, макарондар, кеспе, кускус және осыған ұқсас ұн өнімдері - 90,7%-ға өсуінен орын алды.

Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 2015 жылдың қаңтар-қазанында 523370,1 млн. теңгенің өнімін өндірді. Өңдеу өнеркәсібі бойынша өндірілген өнімнің көлемі 330972,7 млн.теңгені, ал нақты көлем индексі 99,3% құрады. Тамақ өнімдерін өндіру көлемі 121296,9 млн. теңгені құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,8%-ға жоғары. Тамақ өнімдерінің мынадай түрлерін өндіруі едәуір өскені байқалады: жеміс және көкөніс шырыны – 24,5%, макарондар, кеспе, кускус және осыған ұқсас ұн өнімдері – 34,5%, қант – 15,7%, бидай ұны және суржикалық майда тартылған ұн – 2,2%, балмұздақ және ас мұзы – 13,4%, сары май – 60,0%. Тоқыма бұйымдарын өндіретін кәсіпорындар 15993,8 млн. теңгенің өнімін өндіріп, алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне нақты көлем индексі 21,4% құрады [5].

Тамақ өнеркәсібі өнімдерін тұрақты дамуға көптеген мәселелер әсер етеді. Осы мәселелерді шешу үшін негізгі бағыттар бар, олар: шағын бизнестерді дамытуға жеңілдіктер жасау, басқару жүйесін жақсарту, саланы инновациялық дамытып бәсекелестікті арттыру. Тамақ өнеркәсібін тұрақты дамыту механизмін реттеу, тұжырымдамасын түсіндіру және бірыңғай жүйесін мақсатты элементтері ретінде қарауға мүмкіндік береді. Шағын бизнесті бағалау мен қалыптастыру әдістері тұрақты даму үшін бақылау тетіктерінің тиімді жүйесін талдау және құру үшін мүмкіндік береді.

Тамақ өнімдерін бақылау механизмін өндіруші компанияларға пайдалану қысқа мерзімді перспективада тұрақты даму өздерінің экономикалық қызметінде әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Тамақ өнімдерін бақылау механизмін жақсарту негізінде негізгі шағын және орта кәсіпорынның экономикалық тұрақтылығына ықпал етеді.

Мұның бәрі жаңа жұмыс орындарын құруға, өз кезегінде, оларды кеңейтуге және шоғырландыруға әкеледі, азық-түлік өнімдерін өндіру, сондай-ақ жұмыс істейтін фирмалар санының артады.

Сонымен қатар, табысты фирмалардың санын арттыру, азық-түлік өнімдерінің бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін және ол нарықтағы тауарларды жеткізуді арттыруға қабілетті. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері, сондай-ақ ауылшаруашылығы саласында терең зерттеуді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://egemen.kz/2015/11/30/8979> ; egemen.kz/2015/11/30/8979
2. Жельдибаев А., Бельгибаев Ж., Курманғалиев С. Обеспечение продовольственной безопасности и направления развития пищевой промышленности Казахстана // Транзитная экономика. – 2003. № 4. С. 130-136.
3. Уразова Р.С. Эффективность пищевой промышленности // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2005. №3. С. 4-5.
4. Ансаямов Н. Тенденции развития пищевой промышленности в Республике Казахстан // Транзитная экономика. – 2004. № 5 (44). С. 39-46.
5. <http://stat.gov.kz/>, <http://www.ontustik.stat.gov.kz/>. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,8 пайызға өсті.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается проблемы обеспечения продовольственной продукции, качества и безопасности продуктов питания.

А также необходимости обеспечения повышения качества и безопасности продуктов питания за счет модернизации пищевых производств, укрепления их производственной и сырьевой базы, улучшения качества потребляемых продуктов питания как важнейшего условия роста продолжительности жизни населения.

(Маханбетова У.Р., Сахетдурдыев Э. Развитие пищевой промышленности в обеспечения продовольственной безопасности)

SUMMARY

And also to the necessity of providing of upgrading and safety of foodstuffs due to modernisation of food productions, strengthening of their productive and raw material base, improvement of quality of consumable foodstuffs as major condition of height of life-span of population.

(Makhanbetova U.R., Sahetduryev Ye. In the article examined problems of providing of food products, quality and safety of foods tuffs)

ӘОЖ 658.3.584.5

Р.И.ЕРМАНКУЛОВА

экономика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

Б.Ж.АЛЬМУХАМБЕТОВА

экономика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті м.а.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ БАҒЫТЫ
РЕТІНДЕ**

Бұл мақалада авторлар мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құруда бірыңғай саясатын қалыптастыруға, жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін халыққа сапалы мемлекеттік қызметтер ұсынуға бағдарлауға, мемлекеттік аппарат қызметінің айқындылығы мен ашықтығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру саласында қоғамның қажеттіліктерін қарастырылады.

Тірек сөздері: мемлекет, орталықсыздандыру, жүйе, бюджет, өкілеттіліктер, мемлекеттік билік.

Ключевые слова: государство, система, децентрализация, бюджет, полномочие, государственная власть.

Key words: state, system, decentralization, budget, authority, state power.

Қазіргі таңда Қазақстан өзінің мемлекеттік басқару жүйесін ауқымды түрде реформалауды жалғастыруда. Бұл процесс мықты, мызғымас, табанды және өсіп-өркендеген мемлекетті құруға бағытталған іс-шаралар кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл реформаның мақсаты: барлық деңгейдегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін ақиқат, жылдам және тұрақты түрде жақсарту; тәуелсіз және кәсіби мемлекеттік басқару және орталық мемлекеттік қызметті жасау, білікті де іскер, қабілетті де сапалы қызметкерлер негізіне жинақталатын штат құру; тұтынушыға соңғы қызмет көрсетуге бағытталған мемлекетті басқару жүйесін жасау және қызмет көрсету сапасын жақсарту; мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара әрекетті жетілдіру болып табылады.

Қазақстанда жүргізілген реформалар нәтижесінде қазіргі нарықтық экономика талаптарына бейімделген мемлекеттік басқару жүйесі қалыптастырылды, жұмыс істеуді және өкілеттіліктерді мемлекеттік биліктің орталық органдарына, сондай-ақ, территориялық дамудың көптеген мәселелерін шешуді мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейіне беру процесі басталды.

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап жүйелік экономикалық және саяси қайта құруларды жүзеге асырумен бірге елдегі мемлекеттік басқарудың барлық жүйесін барынша кең ауқымда реформалау бағыты да қолға алынды.

Мемлекеттік басқаруды реформалауға бағытталған жүйелік іс-шаралар арасында басқарушылық жұмыстың бір бөлігін орталықсыздандыру маңызды орын алады.

Теориялық жоспардағы орталықсыздандыру ресурстық қамтамасыздандыруды жоспарлау және жүзеге асыру үшін жауапкершілікті беру, жоғары билік органдарынан сол немесе басқа құрылымға әлеуметтік басқару процесінің компоненттерін тарату процесі ретінде түсініледі. Сонымен бірге функцияларды беру төмен тұрған мемлекеттік және басқа құрылымдағы республикалық деңгейден аймақтық және одан да төмен деңгейге жүреді [1].

Орталықсыздандыру процесі мемлекеттік қызметінің негізгі саласына деген жауапкершілігін қалдыратын және жергілікті билік органдарының қызметін заңнамалық актілер және бюджетаралық трансферттер жүйесі арқылы реттейтін орталық мемлекеттік органдар рөлін төмендету деген сөз емес.

Елдегі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, басқарудың әр түрлі деңгейі арасындағы өкілдіктерді бөлу ерекшеліктері, сондай-ақ осы саладағы әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, орталықсыздандырудың негізгі міндеттері ретінде мыналарды айтуға болады:

- қызмет, жұмыс саласының және биліктің әр түрлі деңгейлері арасындағы жауапкершіліктің нақты шекарасы;

- жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмысы үшін жағдай жасау;

- жергілікті өзін-өзі басқаруды ендіру демократиялық мемлекеттің іргетасы ретінде;

- бюджеттік орталықсыздандыру принциптерін жүзеге асыру.

Әрине, мемлекеттік басқару саласындағы көптеген қарым-қатынастар олардың экономикалық базасының болуы үшін талап етілген олардың нығайтулары жағдайында ғана мүмкін екендігі сөзсіз. Мемлекеттік билік органдары қоғамындағы дәл осы кірістерді жұмсауға ықпал ету есебінен

қоғамдық дамуды басқаруды нақты жүзеге асыра отырып, басқа да қоғамдық жүйешелерге ықпал етуге болады [2].

Яғни, мемлекеттік басқару жүйесіндегі бюджет объективті түрде мемлекеттік саясаттың аса маңызды және әрекет етуші тетіктерінің бірі болып табылады. Соған орай, мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың негізгі бағыты бюджеттік орталықсыздандыру болып табылады.

Бюджеттік кірістерді және шығындарды басқару мемлекеттік билік органдарына ведомство астындағы территориялардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын дамытуға айтарлықтай ықпал етуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік басқарудың және жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджеттік базасының неғұрлым маңызды және табанды болуына қарай олардың басым бөлігі өзінің қызметін тиімді түрде жүзеге асыруға қабілетті бола түседі.

Сонымен бірге мұндағы басты нәрсе – республикалық мүдделер мен барлық аймақтар мүдделері арасындағы, олардың заңнамалық актілерге сәйкес рәсімделуі баланстарының жетістіктері бола түседі. Бірлескен мүдделер жетістіктері негізгі екі мәселені шешуді болжамдайды: біріншіден, әлеуметтік-экономикалық саладағы билік өкілдіктерінің Орталық пен аймақтар (соңғысының аясындағы – облыстық және қалалық органдар арасындағы) арасындағы шекарасы; екіншіден, әрбір биліктің, бірінші кезекте, қаржы, сосын жеткілікті тұрақты материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуі.

Әдетте, әрбір аймақтағы экономикалық механизмнің Орталықпен қарым-қатынасы өзінің ерекшеліктерін – мемлекеттік реттеудегі, ұйымдық-шаруашылық құрылымдардағы және әртүрлі экологиялық, салалық және басқа да түрлі факторлармен байланысты ынталандыру жүйесіндегі алуы әбден мүмкін. Бірақ, сонымен бірге ұлттық шаруашылықты басқарудың аталмыш тетіктерінің әрбірінде аймақтар арасындағы интеграциялық процестерді дамытуға мүмкіндік беретін аспектілер бөлініп алынуы тиіс.

Бюджеттің орталықсыздандыру төмендегі мына принциптерге негізделуі тиіс:

- әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің өзіндігі;
- бюджеттік жауапкершіліктің және республикалық, аймақтық, жергілікті билік және басқару органдарының арасындағы шығындық өкілеттіліктерінің заңды шекаралары;
- атқарылған жұмыстың (төмендегі бюджеттердің шығындарының тік және көлденең теңестірілуін қамтамасыз ету) қаржылық сәйкестіктері;
- бюджетаралық қарым-қатынастарды реттудің және қаржылық көмектерді ұсынудың нормативтік-есептік (формалданған) әдістері;
- билік пен басқарудың әр түрлі деңгейлері арасындағы дау-жанжалдарды айналдыру және рұқсат етудің арнайы процедураларының болуы, салықтық-бюджеттік саясат мәселелері бойынша өзара келісілген шешімдердің жетістіктері.

Біздің пікірімізше, бюджеттік орталықсыздандыру аймақтардың өз бетінше жұмыс істеуіне көбірек көңіл бөлуге, бюджетаралық қарым-қатынастар жүйелерін демократияландыруға негізделген территориялық дамудың жаңа тұжырымдамаларынан шығуы тиіс.

Бюджеттік орталықсыздандыру бұл жағдайларда барлық территориялардың тұрақты, тепе-тең және әлеуметтік бағдарланған дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Бұл егер экономикалық механизм аймақтар арасындағы олардың әрқайсысының дамуына негізделген интеграциялық процестердің дамуына бағытталған жағдайда ғана мүмкін болады.

Бюджеттік орталықсыздандыру жергілікті басқару органдарының көбінесе қаржылық мәселелерді өз бетінше жүргізуін болжамдайды. Бұл үшін өз бетінше жұмыс істейтін жергілікті бюджеттерді максималды түрде қамтамасыз ету жолымен бюджеттік қарым-қатынастардың, шығын өкілеттіліктерінің нақты заңды шектеулерінің және шығындар бойынша жауапкершілікті арттыруға қол жеткізудің тиімді жүйесін жасау қажет.

Қазақстандық бюджеттік тәжірибеде бюджетаралық қарым-қатынастарды реттеудің төмендегі формалары қолданылады: трансферттер, бюджеттік несиелер және табыстарды (кірістерді) бөлудің нормативтері.

Республикалық және облыстық бюджеттер арасындағы бюджетаралық қарым-қатынастар, республикалық маңыздағы қала, астана бюджеттері трансферттермен және бюджеттік несиелермен реттеледі.

Облыстық және аудандық (облыстық маңыздағы қалалар) бюджеттер арасындағы бюджетаралық қарым-қатынастар трансферттермен және бюджеттік несиелермен және табыстарды бөлудің нормативтерімен реттеледі.

Жергілікті атқарушы органдар трансферттерді есептеудің жаңа әдістемесі енгізілгеннен кейін бұрын нысаналы сипаты бар республикалық бюджет қаражатының бір бөлігін басқа мақсаттарға пайдалана отырып, бақылау аясынан шығаруға мүмкіндік алды. Жаңа әдістемені қолдану оның алдына қойған мақсаттардың орындалуына күмән келтіреді, сонымен бірге өңірлердің республикалық бюджетке тәуелділігі мәселесі сақталады. Бұл ретте мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігі үшін ерекше маңызды мәселелерді шешу жергілікті атқарушы органдардың иелігіне берілді [3].

Біздің пікірімізше, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеуіне жауапкершілікті қатайтуды қарастырып, трансферттер жөніндегі келісімдерді іске асыру кезінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өзара тығыз іс-қимылын қамтамасыз ететін тетік әзірлеу қажет. Республикалық бюджет қаражатының нысаналы бағытын айқындайтын және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бағытты сақтай отырып, трансферттердің есеп-қисаптарының әдістемесін қайта қарау керек.

Өңірлерді дамытуға арналған республикалық бюджет қаражатын олардың әлеуметтік-экономикалық саладағы салыстырмалы түрдегі артықшылықтары мен кемшіліктерін, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету жағдайын, сауда-коммерциялық әлеуетін, ұдайы өндірістік базасын, аумақтық-салалық ұйымдастыруды дамыту және өндірістік күштерді орналастыру деңгейін, шаруашылықтың инновациялық нысандарының дамушылығын ескере отырып, сараланған негізде бөлу әдістемесін енгізу қажеттілігі анықталып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Управления: зарубежный опыт и Казахстан. Научное издание. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2005. - 276 с.
2. «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2014-2016 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №149-V Заңы.
3. *Татаркин А., Бочко В.* Пути совершенствования местного самоуправления // Федерализм. 2008. №1. - 74 с.

РЕЗЮМЕ

В данной статье авторами рассматривается эффективность децентрализации государственного управления при построении единой политики, программа качественного управления деятельности местного государственного органа, ясность и открытость государственного аппарата, совершенствование децентрализации государственного управления, совершенствование потребности общества в сфере системы государственного управления.

(Ерманкулова Р.И., Альмухамбетова Б.Ж. Децентрализация как способ совершенствования системы государственного управления в Республике Казахстан)

SUMMARY

In this article authors are examine efficiency of decentralization of state administration at the construction of single politics, program of quality management of activity of local public organ, clarity and openness of government vehicle, perfection of decentralization of state administration, perfection of necessity of society in the field of the system state

(Yermankulova R.I., Almkhambetova B.Zh. Decentralization as a Method of Perfection of the System of State Administration is in Republic of Kazakhstan)

УДК 620.4 584 5

Б.С.ИЗАТУЛЛАЕВА

кандидат экономических наук,
и.о. доцент МКТУ им. А.Ясауи

МЕХАНИЗМЫ РАЗВИТИЯ ВОЗОБНОВЛЯЕМЫХ ИСТОЧНИКОВ ЭНЕРГИИ В КАЗАХСТАНЕ

В статье сделана попытка определить основные пути развития возобновляемых источников энергии в Казахстане. Уделено внимание основным направлениям государственной политике развития электроэнергетики и решения экологических проблем в стране. Изучен потенциал возобновляемых энергетических ресурсов в целях их использование для реализации программ энерго-ресурсо сбережения Республики Казахстан.

Ключевые слова: государственная политика, приоритетные направления, энергия, энергетика, возобновляемые источники энергии, ветроэнергетика, энергосбережение, теплоэффективность, энергообеспеченность.

Тірек сөздері: мемлекеттік саясат, алғышартты бағыттары, энергия, энергетика, жаңартылатын энергия, жел энергетикасы, энергия үнемдеу, жылу тиімділігі, энергиямен жабдықтау.

Key words: government policies, priorities, energy, energy, renewable energy, wind energy, energy efficiency, thermal efficiency, energy.

Определяющим направлением государственной политики в Казахстане станет организация и проведение «ЭКСПО-2017» в Астане в рамках предложенной темы «Энергия будущего», которая направлена на поиск путей для качественных изменений в энергетике, включая, прежде всего, развитие альтернативных источников энергии и новых способов ее транспортировки. Ее название и содержание практически полностью совпадает с названием и рекомендациями доклада Консультативной группы Генерального секретаря ООН по энергетике и изменению климата – «Энергия для устойчивого развития».

В Послании Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 г. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства

указывается о необходимости развития производства альтернативных видов энергии, и активного внедрения технологий, использующих энергию солнца и ветра [1].

В настоящее время, одним из приоритетных направлений развития электроэнергетики и решения экологических проблем Казахстана является использование возобновляемых энергетических ресурсов и реализация программ энерго- и ресурсосбережения.

Потенциал возобновляемых энергетических ресурсов (гидроэнергия, ветровая и солнечная энергия) в Казахстане весьма значителен. Но, несмотря на это, процент выработки альтернативной энергии в Казахстане составляет только 0,4% от общего количества.

Государство предпринимает комплексные меры для увеличения доли энергии из возобновляемых источников, для чего в 2009 году был принят Закон «О поддержке использования возобновляемых источников энергии».

После принятия Закона, начатая работа в области развития возобновляемых источников энергии (ВИЭ) выявила необходимость разработки показателей эффективности проектов, в частности через установление верхнего предельного тарифа для каждого вида объектов ВИЭ, что поможет внести ясность по величине тарифов от объектов ВИЭ. Так, Европейский Банк Реконструкции и Развития (ЕБРР) выразил свою готовность и одобрил финансирование технической помощи по расчету величины тарифов для основных видов ВИЭ, которая будет предоставлена Министерству индустрии и новых технологий Республики Казахстан после проведения исследования и расчетов экспертами, привлекаемыми ЕБРР.

После принятия Закона ряд отечественных и зарубежных инвесторов выразили заинтересованность в реализации проектов в области ВИЭ. Стоит отметить начало реализации проектов в сфере ветро- и гидроэнергетики. Стимулом использования ВИЭ является также то, что Казахстан взял на себя обязательства сократить свои выбросы на 15 % по отношению к уровню 1992 года. Эту цель будет трудно достичь только за счет снижения энергоемкости экономики. Таким образом, роль возобновляемых источников энергии будет иметь существенное значение для Казахстана.

Важным шагом на пути развития ВИЭ в Казахстане стала Государственная Программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Казахстана на 2010–2014 годы, которая была утверждена 19 марта 2010 г. Задачами Государственной Программы являются достижение объема вырабатываемой электроэнергии возобновляемыми источниками энергии 1 млрд кВт/ч в год к 2014 году и

увеличение доли возобновляемых источников энергии в общем объеме электропотребления более 1% к 2015 году. Для территории Казахстана наиболее перспективны следующие виды возобновляемых источников энергии: ветроэнергетика; малые гидроэлектростанции; солнечные установки для производства тепловой и электрической энергии [2].

Одним из наиболее динамично развивающихся видов возобновляемых источников энергии в мире выступает ветроэнергетика. С географической и метеорологической точки зрения Казахстан является благоприятной страной для крупномасштабного использования ветроэнергетики.

По экспертным оценкам, ветроэнергетический потенциал Казахстана оценивается в 929 млрд кВт/ч электроэнергии в год. Исследования, проведенные в рамках совместного с Программой развития ООН (далее – ПРООН) проекта по ветроэнергетике, показали наличие хорошего ветрового потенциала и условий для строительства ВЭС в Южной, Западной, Северной и в Центральной зонах Казахстана. Наличие свободного пространства в этих районах позволяют развивать мощности ВЭС до тысяч мегаватт. Наибольшие перспективы в развитии малых ГЭС существуют в южных областях Республики, обладающих значительным потенциалом, но при этом импортирующей из северных областей большое количество электроэнергии. На горных реках южных областей страны сосредоточено около 65 % гидроэнергоресурсов. Согласно полученным исследованиям полный гидропотенциал Республики Казахстан ориентировочно можно оценить величиной 170 млрд кВт/год, технически возможный к реализации – 62 млрд. кВт/ч, из них около 8,0 млрд кВт/ч потенциал малых ГЭС [3].

Развитие и использование возобновляемых источников энергии в Республике Казахстан должно являться приоритетным направлением при разработке государственных программ развития электроэнергетики и экономики энергии, решения экологических проблем.

Техногенная деятельность человека в конце XX века привела к тому, что сжигание органического топлива в производственных процессах и бытовых целях наполнило атмосферу так называемыми «парниковыми» газами. Выбросы этих веществ по своему объему превысили возможности естественных процессов их нейтрализации. Отрицательную лепту в глобальном изменении климата внесла массовая вырубка лесов, являющихся естественными сорбентами (поглотителями) «парниковых» газов.

Продолжающееся сжигание органического топлива (дров, угля, газа и нефтепродуктов) приводит к тому, что в зависимости от вида топлива

каждая его тонна при сжигании производит от 1,47 до 2,5 тонн углекислого газа.

Возобновляемые источники энергии имеют ряд существенных преимуществ перед традиционными:

- Резко сокращают нагрузку на окружающую среду и способствуют оздоровлению планеты, особенно способствуют предотвращению глобального изменения климата.

- Первичные источники энергии возобновляемы и практически неисчерпаемы.

- Способствуют экономии органического топлива как базы химико-технологической индустрии.

- Снимается проблема золоотвалов, их строительства и эксплуатации. Значительно облегчается решение экономических и социально-бытовых проблем развивающихся регионов и стран с низкой энергообеспеченностью.

- Улучшают условия децентрализованного энергоснабжения.

В ноябре 2011 года Республика Казахстан внесла Национальное предложение о включении в повестку дня Конференции ООН по устойчивому развитию РИО+20, которая прошла в Бразилии в июне 2012 года, обсуждение Глобальной энергоэкологической стратегии устойчивого развития в XXI веке. Обоснование данной стратегии и рекомендации по ее практической реализации изложены в одноименной монографии Президента РК Н.А. Назарбаева. Главной целью стратегии является достижение к середине XXI века оптимального уровня удовлетворения потребностей всех стран планеты в энергетических и иных природных ресурсах, в том числе, и посредством активного использования возобновляемых источников энергии (ВИЭ). Государственная заинтересованность проблемами энергоснабжения и повышения энергосбережения отразилась в принятии закона Республики Казахстан «Об энергосбережении и повышении энергоэффективности» от 13 января 2012 г.. В свою очередь Национальная экономическая палата Казахстана «Союз «Атамекен»» также обозначила одним из стратегических направлений своей деятельности разработку для бизнес-сообщества механизма стимулирования энергосбережения. Тимур Кулибаев отметил, что проблема теплоэффективности для Казахстана, где зима длится 6 месяцев, очень актуальна.

Основной идеей государственной политики в области использования ВИЭ является создание энергетической системы, органичной и неотъемлемой частью которой будут являться ВИЭ, причем доля этих источников из года в год будет повышаться. На этом подходе основаны принципы государственной политики в области регулирования использования ВИЭ [4].

Эти принципы в общем виде включают в себя: 1) разработку и реализацию программы по использованию ВИЭ; 2) установление в

программах развития энергетики целевых показателей по доле ВИЭ в общем объеме производства электрической и тепловой энергии.

Уполномоченным органом в области использования ВИЭ в Казахстане является Комитет государственного энергетического надзора и контроля Министерства индустрии и новых технологий РК.

В реализации глобальной энергоэкологической стратегии в Казахстане можно выделить три периода [5].

Первый период до 2020 года основывается на уже принятых планах развития Республики Казахстан. В частности планируется, что рост в перерабатывающих отраслях будет превышать или достигнет уровня добывающих отраслей. При этом конкурентоспособность экономики будет основываться на эффективных технологиях, обеспечивающих снижение энергозатрат и реализации Комплексного плана энергоэффективности. Одновременно будут интенсивно развиваться региональная экономика и сельское хозяйство.

Второй период продлится до 2040 года. В это время в мире, вполне вероятно, начнутся проблемы с нефтью и природным газом. Исходя из этого, Казахстан намерен войти в число энергетических гарантов развития других стран. Поэтому мы будем развивать экологически чистые способы использования угля и осуществлять массовое использование энергии солнечного излучения и ветра. В это же время можно будет начать интенсивное освоение технологий водородной энергетики и биоэнергетики. Это позволит полностью выполнить условия энергоэкологического развития на дальнейшую перспективу.

Третий период до 2050 года характеризуется тем, что в Казахстане будет сформирован новый технологический уклад. Его составляющими станут:

- завершение формирования мощного сектора солнечной энергетики;
- завершение формирования биотехнологического сектора;
- завершение формирования ветроэнергетического сектора в энергетической отрасли на уровне расчетного ветроэнергетического потенциала по состоянию на 2010 год;
- завершение формирования сектора «Малая гидроэнергетика»;
- введение водородного топлива в энергетику Казахстана;
- полномасштабное введение в действие чистых технологий добычи и переработки угля;

– решение вопроса о дальнейшем развитии атомной энергетики в Казахстане девятого февраля 2011 г., в г. Астана Программа развития ООН в Казахстане и ОЮЛ «Казахстанская электроэнергетическая ассоциация» подписали Меморандум о сотрудничестве в области развития возобновляемых источников энергии (ВИЭ) в Казахстане. Эту дату можно считать отправной точкой, началом деятельности Комитета по Возобновляемым Источникам Энергии Казахстанской энергетической ассоциации.

Известно, что Республика Казахстан является одним из широко развитых государств в мире. И вместе с тем, сегодня в Средней Азии на пороге развития глобальных экономических отношений Казахстан должен предпринять ещё усиленные меры по улучшению возобновляемых источников энергии и осуществить большие проекты по привлечению не только местных, но и иностранных инвестиций в это русло. Сегодня основной целью привлечения инвестиций в эту сферу, а также развитие возобновляемых источников энергии является в первую очередь, защита окружающей среды от вредных отходов. Кроме того экономия ограниченных ресурсов в стране и развитие энергии для улучшения жизни населения, открытие новых рабочих мест и правильное использование отходов, природных ресурсов и сохранение вселенной.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Стратегия «Казахстан-2050», http://strategy2050.kz/ru/page/message_text_2014.
2. Концепция по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономики» - Астана – 2013, С.48.
3. Борисова Н., Таджиев У., Захидов Р. Положение дел по использованию возобновляемых источников энергии в Центральной Азии» - Юнеско – 2010 , С.217.
4. Шалабаева А. Международный опыт и рекомендации по схеме поддержки возобновляемых источников энергии в Республике Казахстан - Питер Диксон. – ООН – 2005., С.142.
5. «Внедрение возобновляемых источников энергии» - Принципы эффективной политики и стратегий – International Energy Agency. - 2010, С.65.

ТҮЙІН

Мақалада Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамытудың негізгі жолдары қарастырылады. Электр энергиясын дамытудағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары мен елдегі экологиялық мәселелерді шешуге назар аударылған. Қазақстан Республикасында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану әлеуеті зерттелген.

(Изатұллаева Б.С. Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамыту тетіктері)

SUMMARY

The paper attempts to identify the main ways of development of renewable energy in Kazakhstan. Paying attention to the main directions of the state policy of development of electric power industry and solving environmental problems in the country. Explore the potential of renewable energy resources with a view to their use for the implementation of programs of energy and resources of the Republic of Kazakhstan.

(Izatullaeva B.S. Mechanisms of development of renewable energy in Kazakhstan)

МАЗМҰНЫ

МАТЕМАТИКА

BOBODZHANOV A.A. KALIMBETOV B.T. SAFONOV V.F. Asymptotics of Solutions of the Cauchy Problem for Singularly Perturbed Integro-Differential System with the Diagonal Degeneration of the Kernel	3-14
--	------

ИНФОРМАТИКА

АХМЕТОВ Б.С. АБДРАХМАНОВ Р.Б. КОРЧЕНКО А.А. ЖУМАНГАЛИЕВА Н.К. Базовые модели эталонных величин для систем обнаружения вторжений	15-26
САРЫБАЕВА Ә.Х. БАЙМЕТОВА Ш. Электрондық білім беру ресурстары бағытын қолданып физика курсын оқыту әдістемесі	27-32

БИОЛОГИЯ

ТУРМЕГОВА Г.Ж. ҚАМШЫБАЕВА С.А. ЮСУПОВ Б.Ю. Органикалық және минералды тыңайтқыштардың алмұрт жемістерінің өнімділігіне әсері	33-38
HASANOVA N. GUL K. TURMEGOVA G. Yesevi üniversitesi botanik bahçesi cevizlerinin pomolojik, morfolojik ve fenolojik özellikleri	39-46

ФИЛОЛОГИЯ

АНДАБАЕВА К.Т. Редуцированные гласные в английском языке и проблемы их обучения	47-52
ABDULLAYEVA S.D. URAZBAYEV K.B. The use of Video Materials in Foreign Language Lessons in High Schools	53-60
NYSHANOVA S.T. SARIMSAKOVA N. Discourse Analysis and its Application	61-67
БЕРДАЛИЕВА Р.Ш. Невербальные средства коммуникации: проблема интерпретации	68-73
ЖАҚСЫЛЫҚОВА Н. Комикстердің көмегімен ағылшын тілінде ауызекі сөйлеуге үйретудің жолдары	74-78
САИДВАЛИЕВА Д. Дифференциалды оқыту технологиясы арқылы дидактикалық ойындарды пайдалана отырып, ағылшын тілін үйрету	79-82

ПЕДАГОГИКА

АТЕМОВА К.Т. Учёный, внёсший вклад в педагогическую науку	83-87
--	-------

TAZHIBAЕVA B.T. MUSSABEKOVA G.T.	The role of the cognitive approach in teaching foreign language	88-93
ДҮЙСЕНОВ О.Қ. МАХАМБЕТ Е.	ЖОО студенттеріне дене тәрбиесін оқытудың әдістемелік негіздері	94-100
ДҮЙСЕНОВ О.Қ. МАХАМБЕТ Е.	Сауықтыру дене мәдени етінің теориялық-әдістемелік негіздері	101-107
ӨНЕРТАНУ		
ЕРАЛИН Қ.Е. ЕРАЛИНА А.Қ.	Суретші-кестеші Зейнелхан Мұхамеджанұлының туындыларының композициясы (кестемен бейнелеу әдісі)	108-112
ҚҰҚЫҚТАНУ		
ЕРНАЗАРОВ Ғ. ОРАЗБАҚОВ Р.	Қылмыстық іс-әрекет: оның тетіктері	113-123
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР		
ТЕМІРБАҒАЕVA G.A.	Teorik açıdan kurum kültürü ve sınıflandırılması	124-130
ЭКОНОМИКА		
БАЙБОСЫНОВА Г.Ж.	Қазақстандағы инновациялық кәсіпкерлікті дамыту және қолдау	131-137
АЛЬМУХАМБЕТОВА Б.Ж. ЕРМАНКУЛОВА Р.И.	Қазақстан Республикасының шипажай-сауықтыру кешендерінде еңбек ресурстарын басқаруды жетілдіру жолдары	138-143
МАХАНБЕТОВА Ұ.Р. САХЕТДҰРДЫЕВ Э.	Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тамақ өнеркәсібін дамыту	144-148
ЕРМАНКУЛОВА Р.И. АЛЬМУХАМБЕТОВА Б.Ж.	Қазақстан Республикасында орталықсыздандыру мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің бағыты ретінде	149-153
ИЗАТУЛЛАЕВА Б.С.	Механизмы развития возобновляемых источников энергии в Казахстане	154-159
МАЗМҰНЫ		160-161